

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

8-9/2020

ТАМЫЗ-ҚЫРКҮЙЕК

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ	
<u><i>Абай әлеміне ғылыми көзқарас</i></u>	
О. ЖҰБАЕВА. Абай шығармаларын когнитивті тұрғыдан зерттеу қажет.....	3
<u><i>Кітапханада Абай әлемі</i></u>	
Н. А. ҚҰЛЖАНОВА. Абай мұрасы – халық ұлағаты	25
А. МҰҚАШЕВА. Абай – ұлттық рухтың алдаспаны.....	28
<u><i>Журнал олжасы – ойлы оқырман</i></u>	
М.ӘБІЛҰЛЫ. Мен – Қазақстанның патриотымын!	33
<u><i>Ұстаз ұсынысы</i></u>	
С. Қ. АҚБАЕВА. Жаңартылған білім мазмұны шеңберінде сабақ үдерісінде пайда болатын мәселелерді шешу жолдары.....	38
<u><i>Ел боламын десен...</i></u>	
Қ.ДҮРІМБАЕВА. Жалпақ жұрттың жүгі.....	41
<u><i>Тілім – мақтаншыым</i></u>	
М. К. ЖҮЗТАЕВА. Тіл – ұлттың жаны.....	44
<u><i>Асылды тот баспас</i></u>	
Ш.Е.КАКЕНОВА. Әбіш Кекілбаев – ұлағатты ұстаз.....	60
<u><i>Ұстаз толғанысы</i></u>	
Ж.Ж. ЖҰМАБАЕВА. Орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша өткізілетін сабақ қандай болуы керек?.....	65
<u><i>Сауаттылық сыры</i></u>	
У. С. САДЫРКУЛОВА, Өзіндік жұмыстар негізінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту.....	72
Г.ОСПАНОВА.	
<u><i>Терминдер төңірегінде</i></u>	
Ж. А. САҒЫНОВА. Құқық қорғау саласындағы терминдер	76
<u><i>Бұлақ көрсен, көзін аш!</i></u>	
Ж. М. ШАРИ. Ақын рухы.....	81
<u><i>Қазақ әдебиеті: ортақ әдіс, озық тәжірибе</i></u>	
Г.К. КОЙШИБАЕВА. Махамбет Өтемісұлы.....	83
К. М. ТАСМАҒАМБЕТОВА. М. Мақатаев “Аққулар ұйықтағанда”.....	88
<u><i>Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе</i></u>	
Б. Р. БАТЫРОВА. Жаһандандудың пайдасы мен зияны.....	96
А. А. ҮБӘЙТЖАН. Астана – әсем қала.....	102
Қ.Ә. ШӘРІП. Радио және теледидардың пайдасы мен зияны.....	109
Ж. М. АЛДАБЕРГЕНОВА. Ұлттық аспаптар.....	117
Ө. АЙТЖАНОВ. Жол белгілерін білеміз бе?.....	124
<u><i>Базарлы балабақша</i></u>	
Ж.К. АЛЬДЕКОВА. Менің инновациялық кәсіби мансабым.....	132
<u><i>Сыныптан тыс шара</i></u>	
П.С. АЛИМБЕКОВА. Туған өлке тұлғалары.....	136

Абай әлеміне ғылыми көзқарас

О. ЖҰБАЕВА,
филология ғылымының докторы.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН КОГНИТИВТІ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ ҚАЖЕТ

Бүгінгі таңда адам факторы өзекті болуына байланысты тілді антропоөзектік тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Зерттеу парадигмасының антропоөзектік ұстанымы тілдің ең маңызды екі қызметін – танымдық (когнитивтік) және коммуникативтік қызметін терең ашуға бағытталады. Бұл бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады.

Антропоөзектік бағыттағы зерттеулер Абай кезеңінен (тіпті одан да бұрын) бастау алады. Ғалымның зерттеулерінде *тіл, сана, ақыл, қиял, тілдік сана, таным, ұғым, концептуалдау, тыңдаушы, сөйлеуші факторы*, т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ғұлама қара сөздерін нөмірлемегені белгілі. Әйтсе де шарттылық үшін кейін қойылған саны бойынша атасақ, *7-сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – «ішсем, жесем, ұйықтасам» деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Ғәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – «білсем екен» демеклік. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып*

қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тұра жүгіріп: «Ол немене?», «Бұл немене?» деп, «Ол неге үйтеді?» – деп, «Бұл неге бүйтеді?» – деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген», – дейді [1].

Бұл жерде Абай когнитивті лингвистиканың негізгі бірліктері – **таным, сана** мәселелерін сөз етіп отыр. Саналы адамды ғана адам ретінде сипаттай отырып, ғалым **адамның хайуаннан негізгі айырмашылығы ретінде ақылды, саналы болуды** атайды, «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайтынын» ескертеді. «**Алланың өзі де рас, сөзі де рас**» деген өлеңінде де адамдық атын жоймай, ойлануға шақырады (Ойла, айттым, адамдық атын жойма!). Яғни, **ой, сана адамға ғана тән** екенін көрсетеді. Хайуан мал құр көзбенен көретінін, адам көңіл көзімен қарауы керек екенін, «көкіректе сәулесі, көңілде сенімі» болуы керектігін, алған әсерімізді өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейту керектігін» айтады. «Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көріп тоймай, сырын білу үшін көңілге салу» керектігін ескертеді. **Хайуан құр көзбен қарап, тән құмарын ғана күйттейтінін, адам көңіл көзімен қарап, жан құмарын да күйттейтінін айтады.** Яғни ғұлама «*әзелде Құдай Тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқанда, сол әсерін көрсетіп жаратқанын*» айта келіп, хайуан мен адамның негізгі

ерекшелігі санада екенін ескертеді.

43-қара сөзінде осы ойын әрі қарай дамытып: «Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсиби – оны білмек керек. «Ішсем, жесем» демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, «білсем екен, көрсем екен» деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар кәсиби», – дейді.

Абайдың қара сөздерінде **сезімдік таным мен логикалық таным** анық көрсетілген. Ғұлама **сезімдік танымды нақты саралап** көрсетеді: «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты дүр». Ғұлама **сезімдік танымды «жанның жибили қуаты»; логикалық танымды «жанның кәсиби қуаты» деп атайды.** Жибили қуат (көзбенен көру, құлақпен есту, қолмен ұстау, тілмен тату, мұрынмен иіскеу) арқылы алынған тыстағы дүниенің хабары «ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырып көңілде суреттемек», – деп, жибили қуаттың кәсиби қуатқа айналатынын айту арқылы когнитивті лингвистикаға тереңдеп бойлағанын көреміз. Ғұламаның «көңілге түскен сурет» деп отырғаны –

қазіргі тілмен айтқанда, ғалам бейнесі. Яғни адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, иіс, дәм) арқылы қабылданған ақпарат ғалам бейнесін қалыптастырады. Адам қабылданған ақпаратты санасымен түйсінеді.

Абай бұл ойын **12-қара сөзінде** дамыта түседі: *«Кімде-кім жақсы-жаман гибадат қылып жүрсе, оны ол гибадаттан тыюға аузымыз бармайды, «Әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой!» – дейміз. Ләкин, сондай адамдар толымды гибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі – иманның игтиқатын мақамлемек керек, екінші – үйреніп жеткенше «Осы да болады зой!» – демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны Құдай ұрды, гибадаты гибадат болмайды. Уа ләкин, кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүрген көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды».*

Бұл тұжырым ақынның **«Ғылым таппай мақтанба»** деп басталатын өлеңінде де сөз болған еді:

*Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.*

Яғни ғұлама өлеңдеріндегі тұжырымдарын кара сөздерінде тарқата түскенін аңғарамыз.

Сана мазмұны – субъектінің таным әрекетінің (когниция) нәтижесінде жинақталған әлем туралы білімі. **Сана – адамға гана тән**, сөйленіс әрекетімен тығыз байланыста болатын мидың әрекеті, онда болмыс жалпы, мақсатты түрде бейнеленіп, реттеліп отырады. Ақиқат болмыс адам санасында бейнеленеді. Сана субъектінің болмысты тануы арқылы қалыптасады. Осыған байланысты ғұлама саналы адам мен ойсыз, өнерсіз, надан адамды қарама-қарсы қояды: *«Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиганы бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиган нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл харекетке түсінген адамды «ақылды» дейміз. «Құдай Тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» – демек, «Құдай Тағала сені менен мені бірдей жаратып па?» – демек – Құдай Тағалаға жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы. Бұл – ойсыз, өнерсіз, надан адамның ісі. Оған Құдай Тағала «Көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсеңді ескерме, есіңе сақтама!» – деп пе? «Ойын-күлкімен, ішпек-жемек, ұйықтамақпен, мақтанмен әуре бол да ішіңдегі қазынаңды жоғалтып, хайуан бол!» – деген жоқ».*

Ғұлама ақыл, сана кәсіби болғанмен, талап жибилі екенін айта келіп, өлеңдерінде де, кара сөздерінде де талапты жоғары қояды. Бес асыл істі атағанда да ең алдымен талапты атауы бекер емес. Кара сөздерінде жан қуаты (кәсіби қуат) – өте ауқымды, күрделі мәселе екенін айта келіп, оны жазып отыратын уақыты жоқ екенін ескертеді. Ғалым замандастарына (кейінгілерге де) жан қуатын қалай күтіп, баптау керектігін айтып,

нақтылап береді: «Кейбіреулер айтады: «Ақыл жибили болмаса да, талап – жибили. Талап берген адам ақылды тапты, талабы жоқ кісі таба алмады», – дейді. О да бекер. Талап балада да бар, оған талас қылуға болмайды. Бағана айттық қой: «Қуаты басында кішкене болады, ескермесе – жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса – зораяды», – деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткеніңді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер: «Ал, мен жоғалдым», – деп хабар беріп жоғалады? Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді.

«Жан қуаты» дейтұғын қуат – бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды. Бірақ әрбір өнердің тыстан тауып алып, ішке салғанын, соның тамырын берік ұстап тұруға жаратушы еді. Көп заман ескермеген адамнан ол бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтұғын қуаттың өзі де жоғалады. Онан соң қайта кәсіп қылуға болмайды».

Адам өз болмысын сақтап (адамшылықтан шықпай), хайуанға айналмауы үшін үш қуаттан айырылмау керек екенін айтқан тұста Абай Құнанбайұлы орыс тіліндегі атауларды пайдаланып, мағынасын түсіндіреді: «*Біреуі орысша «подвижной элемент» деп аталады. Ол – не нәрсе? Не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да*

ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда да бермейді. Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып: «Әй, әттеген-ай! Үйтуім екен, бүйтуім екен!» – деп, өмір бойы ғафил болып-ақ отырғаның.

Біреуін орысша «сила притягательная однородного» дейді. Ол – бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тыншытпайды.

Үшіншісі – орысша «впечатлительность сердца» дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсе бірлән кірлетпей, таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық раушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды. Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күңгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен оңды ұғым болмайды».

Ғалым «подвижной элемент», «сила притягательная однородного», «впечатлительность сердца» деген атауларды орыс тіліндегі қалпында пайдаланған. Бұдан ғұламаның жан-жақты ізденгенін, білімдар болғанын аңғарамыз. Орыстың Пушкин, Лермонтов, Крылов сынды ақын-сықақшыларының көркем туындыларын ғана оқып қоймай, ғылыми еңбектерден де молынан қаныққанын көреміз.

Ғұлама **«адам баласының ең жаманы – талапсыз»** екенін ескерте келіп, талап қылушыларды өз ішінен бірнешеге жіктейді. Басына қадір іздеген мақтанғой адам талабын мал (ақша) табуға жұмсайтынын ескерте келіп, онысы құлқын тұрғысынан дұрыс көрінгенмен, ақылға салып, адамдық тұрғысынан алғанда, жиіркенішті іс екенін айтады. **Ізденуді де өз бетінше іздену, кітап сөзімен іздену, басқаларға көріну үшін іздену (қазақтың бетіне қарап) деп бірнешеге жіктейді.** Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, **«Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүргенде, 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған»** [2]. Яғни кейін өз бетінше ізденіп, білімін толықтаған. Ахмет Байтұрсынұлы да өз бетінше ізденудің нәтижесінде қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаған үлкен ғалымға айналғаны белгілі.

Абай Құнанбайұлы **32-сөзінде** білім-ғылым үйренгісі келетіндерге талаптың шарттарын нақтылап көрсетеді: **«Әуелі – «Білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім», – деп, «Дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді», – деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді «Тағы да сондай білсем екен!» – деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады... Екінші – ғылымды үйренгенде,**

ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!.. Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды. Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған «ақыл кеселі» деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде «уайымсыз салғырттық» деген бір нәрсе бар, зинһар, **жаным, соған бек сақ бол. Әсіресе әуелі – Құдайдың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – гибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды. **Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын «мінез» деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң оларды қайда сақтайсың? «Қылам» дегенін қыларлық, «тұрам» дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!».****

Мәтіндегі **«Әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады»** деген сөйлемде де ғұлама ғалам бейнесін сөз етіп отыр. Сол сияқты жоғарыда келтірілген **«жүректі мақтаншақтық, пайдакүнөмдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсе бірлән кірлетпей, таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті**

жүректің айнасына анық раушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды. Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күңгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен оңды ұғым болмайды» деген мәтіндегі «сурет» сөзі де «ғалам бейнесі» деген мәнде қолданылған. Яғни қазіргі кезде когнитивті лингвистикада қолданылып жүрген «картина мира» тіркесі Абайда «көңілге (жүрекке) түскен сурет» түрінде қолданылған. Басқаша айтқанда, ғұламаның еңбектерінде когнитивті лингвистиканың метатілі қалыптасқанын байқаймыз.

Ғұлама тән қуатымен дәулет жиналғаны сияқты іштегі жан қуатымен ақыл, ғылым жиналатынын ескертеді. Ғұлама кәсіби қуат арқылы ақиқат болмыстың санадағы көрінісі – таным қалыптасатынын, сол арқылы білім қоры жинақталатынын айтады. Ғылым үш қуаттың («*подвижной элемент*», «*сила притягательная однородного*», «*впечатлительность сердца*») ішінде «*подвижной элемент*», «*сила притягательная однородного*» сияқты қуаттарды ерекшелеп атайды: «...Мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі, яғни «*сила притягательная однородного*» бірлән «*подвижной элемент*» – бұл екеуі қосылып тұра тұрған нәрсе, күллі пайда да бұлардан шығады, уа күллі зарар да бұлардан шығады. Мансапсүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік, осыған ұқсаған әрбір маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жіберетұғын нәрселер осы екеуінен болады. Бұларды түбегейлеткенде жақсы нәрселерді түбегейлетіп, жаман нәрселерден, яғни

жоғарғы айтылмыш секілді адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты – «ақыл» еді ғой. Бір ақыл қуаты бірлән мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуаттың екеуі де аз болса, яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі қуаттар – бір басы қатты асау ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма – Құдай білсін, әйтеуір жолда көрген есті, ақылы дұрыс адамдар әлі де сұрамай да қалады. Сенде ерік жоқ. Екі етек жайылып, екі көзің аспанда, масқара болып кеткенің өлгеніңше».

Абай Құнанбайұлы бастапқыда «Ғабдұлжаппар» деген имамнан дәріс алып, кейін, 1855-1858 жылдары Ахмет Ризаның мешіт-медресесінде оқиды. Қазандағы Маржани медресесін бітіріп келген Ахмет Риза өте білімді адам болады. Ол кісі оқыту барысында жәдид ілімін қалыптастырған ғұлама – Шаһабуддин Маржанидің ағартушылық бағытын ұстанады. Сол себепті медреседе математика, астрономия, жағырапия, жаратылыстану пәндері, түркі, араб, парсы тілдері, шығыс поэзиясы мен сөз өнерінің заңдылықтары, «Шарифат», «Тарихат», «Мағрифат» атты үш негізден тұратын тарихи, философиялық қоғамтану ғылымдары тереңдетіліп оқылады. Ахмет Риза имам «*Алланы ғылым мен ақыл-сана арқылы тану керек*» деген ұстанымда болады. Бұл оқу орнының Абайдың дүниетанымының қалыптасуына елеулі ықпал еткені сөзсіз.

«*Алланы ғылым мен ақыл-сана арқылы тану*

керек» деген ұстаным Абайдың өлеңдерінде де («Ғылым таппай мақтанба», **«Алланың сөзі де рас, өзі де рас»**, т.б.), қара сөздерінде де аңғарылады: *«Иман деген – Алла табарака уа тағаланың шәриксиз, гайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһу галайһи уәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел-испат қыларға жараса, мұны «якини иман» десе керек. Екіншісі – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу: «Өлтіремін!» – деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды «иман таклиди» дейміз. Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен».*

Осы ойын **45-қара сөзінде де дамыта отырып**, ғұлама махаббат, ғадаләт, сезімді адамшылықтың алды ретінде сипаттайды: *«Адамшылықтың алды – махаббат, гадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – Жаратқан тәңірінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар. Бұл гадаләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз көзбен көріп, ақылмен біліп».*

Алланың құдіретін танытуға арналған өлең, қара сөздерінің бәрінде де ғұлама **«Алланы ғылым мен ақыл-сана арқылы тану керек»** деген ұстанымды

басшылыққа алады. 27-сөзінде Сократ хақім мен Аристодимнің арасындағы (ұстаз бен шәкірт арасындағы) әңгімені өрбіте отырып, Алланың адамзатты ерекше махаббатпен жаратқанын, Жаратушы артық хикмет иесі екенін жеткізеді: *«Адамның денесі өзің жүрген жердің бір битімдей құмына ұқсас емес пе? Денеңде болған дымдар жердегі сулардың бір тамшысындай емес пе? Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, «жан» деген нәрсе келді де сонан соң ие болдың. Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты зәкүні мен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтұғынын көресің. Бұлардың бәріне таңғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендікпен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып һәм бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем зәкүнге қаратылып жаратылды».*

Бұл шағын үзіндіде де ғұлама жан – кәсіби қуат туралы сөз етіп, когнитивті лингвистика мәселелеріне тоқталады. Ғалымның бұл тұжырымдарынан Ахмет Риза ұстанымы, мектептің ықпалы анық көрінеді. Хайуан мен адамның айырмашылығын, Алла тағала адамға ғылым үйретерлік шешендік салахият бергенін (салахият иесі қылғанын) ескерте келіп, адам мен хайуанның айырмашылығын «уақыт» концептісіне қатысты сипаттайды: *«Жә, олай болса, һәмма*

мақұлыққа да қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ. Хайуанға берген денеге қара, адамға берген денеге қара. Адам екі аяғына басып, тік тұрып, дүниені тегіс көрмекке, тегіс тексермекке лайықты һәм өзге хайуандарды құлданарлық, пайдасын көрерлік лайығы бар. Хайуанның бірі аяғына сеніп жүр, бір өзіңдей хайуанды құлданарлық лайығы жоқ. Адам өзі өзіне сенбесе, адамды да хайуан секілді қылып жаратса, еш нәрсеге жарамас еді».

Адамның өткен шақ, осы шақ, келер шақты пайымдай білуін хайуаннан негізгі айырмашылығы ретінде көрсетеді. Бүгінде шақ категориясын түсіндіруде Абайдың осы ілімін пайдалануымыз қажет-ақ! Яғни Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін когнитивтік тұрғыдан талдап-танытуымыз керек.

Абайдың бұл ойы «**Алланың өзі де рас, сөзі де рас**» деген өлеңінде де айтылады:

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй: «Бауырым!» – деп,
Және «Хақ жолы – осы!» – деп, – әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл,
«Иманның асылы – үш», – деп сен тәхқиқ
біл.*

*Ойлан дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.*

Абайдың пайымында имани гүл үш сүюден

құралған. Олар: Алланы сүю, адамзаттың бәрін сүю және әділетті сүю. Имани гүлді бұзатын үш іс ретінде ғұлама пайда, мақтан, әуестікті (пайда, мақтан, әуесқой) атайды.

Ғалым жүректің қасиетін сипаттай келіп: «Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын «өз бауырым», – деп, өзіне ойлағандай «Оларға да болса игі еді!» – демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтықта – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады», – дейді.

Ғаламды сөзбен көрсетуде (А.Байтұрсынұлының термині) лексиканың, тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдің орны ерекше, тілдің сөздік қорында ұлттық дүниетаным көрініс табады. Осыны негізге ала отырып, ақын Абай халық қолданысындағы, тілдік санасындағы сөздер мен тіркестердің қосымша мәндерін көрсетеді. Қазақ дүниетанымында ақ түс жақсылықтың, мейірім-шуақ, адамдықтың, пәктіктің белгісі болса, қара түс жамандық, қайғы нышаны ретінде сипатталады. Сол сияқты жүректі сөзі елдің санасында, қолданысында мықтылыққа қатысты болса, ғұлама оны рақым, мейіріммен байланыстырады: «Біздің қазақтың «жүректі кісі» дегені – «батыр кісі» дегені... Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көңілі, уағдада тұрғыш, бойын жаманишылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың

айтқан батыры – әншейін «жүректі» емес, «қасқыр жүректі» деген сөз... Осы жұрттың көбінің айтып жүрген, «мықты жігіт», «ер жігіт», «пысық жігіт» деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін бірі «Айда, батырлап!» қыздырып алады да артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе Құдайға терістіктен не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?».

Абай шығармаларында жүрек сөзі 107 рет қайталанған екен. **«Ақыл, қайрат, жүрек» үштігінен** ғұлама жүрекке басымдық береді. **17-сөзінде** Ақыл, Қайрат, Жүрек – үшеуі өзара таласып төрелік іздегенде, Ғылымның «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім... Бірақ сонда билеуші, әмірші Жүрек болса, жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, Жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл, қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл, жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де Жүрекке билет... Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен Жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, «Құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды», – деп кітаптың айтқаны – осы!» деген сөзін келтіре отырып, Жүректі бәрінен жоғары қояды. Бұл қара сөздің мәні өте терең. Себебі ғұлама: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған

ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық-дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, гиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды... Құдай тәбәрақаның затына пендесінің ақылы жетпесе, «Дәл сондай ғашықпын», – демек те орынсыз. Ғашық-мағишүллыққа халик бірлән махлұқ ортасы мунәсибәтсіз, Алла Тағаланың пендесін махаббат уа мархамат бірлән жаратқанын біліп, махаббатына махаббатпенен ғана елжіремекті «Құдайға ғашық болды», – дейміз. Олай болғанда, Хикмет Құдайға пенде «өз ақылы жетерлік қадірін ғана білсем» деген әрбір істің себебін іздеушілерге Хакім ат қойды. Бұлар Хақ бірлән батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандарыменен һәммасы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртабада қалып, бір ғана Хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады», – дейді.

Сол сияқты **«Масғұт» поэмасында** Қыдыр үш жемісті (ақ – ақыл, сары – дәулет/қайрат, қызыл – жүрек) ұсынғанда, жігіт қызылын таңдайды. Яғни жүректі жоғары қояды.

Абай сөзді айту үшін де, тыңдау үшін де жүрек керек екенін айтады:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі.
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі.

Жүрегімен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың.
Соны көріп, соларға

Қайтіп қана сарнарысың?

*Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз ұғарлық кем кісі.*

*Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын.*

*Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.*

*Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.*

14-сөзінде ақын: «Қазақ та – адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады», – дейді.

Абайдың **«толық адам»** концепциясынан, жүрекке басымдық беруінен Әл Фараби еңбектерімен үндестік байқалады. Ғұлама Әл Фараби, Ибн Синаның еңбектерімен таныс болған, ұстаз тұтқан. Әл Фараби философиялық трактаттарында сыртқы сезім, ішкі сезімдерді сипаттай келіп, жүректі басты мүше ретінде танып, бәрінен де жоғары қояды [3]. Екі ғұламаның жибилі қуат, кәсіби қуат, сана, таным, жан, хауас туралы ойлары өзара үндес, сабақтас. Абай ғұлама

Әл Фарабидің ізгілік туралы ойын **38-қара сөзінде** былайша өрбітеді: «Енді біліңіздер, ей, перзенттер! «Құдай Тағаланың жолы» деген жол Алла Тағаланың өзіндей ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол «таза мұсылман», «толық адам» делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың – өз пайдаң болса, өзің ниһаятлысың, ол жол – Құдайдың жолы емес. «Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін» деген ол – не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан гадалат, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – Құдайдың жолы. Ол – ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, ниһаятсыз Құдайға тағырып хасил болып хас езгу құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар? Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да мұнысын өзіне бар дәулет біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға: «Бәрекелді!» – дегізбек. «Осындай болар ма едік!» – деп біреулер талаптанар, біреулер: «Осындай бола алмадық!» – деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүймектікпен өсер».

Жүрекке басымдық бергенмен, Абай ақын толық адам болу үшін үшеуін тең ұстау керектігін ескертеді:

*Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.*

*Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек.*

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.*

*Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.*

Осы ой қара сөздерінде де сабақтастық тапқан: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда гана оның аты «адам» болады. Сонан соң гана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай гана жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмақтық секілді ғылым-білімді үйренсе, «білер» деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса, шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады я ол балалары өздері барған болады – ешбір бәһра болмайды. Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хаттә иман игтиқадқа да қиянатпенен болады. Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың адамдығының кәмәләт таппағы – қиынның қиыны. Себебі Алла тағала өзі – хақиқат, растықтың жолы. Қиянат – хақиқат пен растықтың дұшпаны... Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін

білмекке ынтықтықпенен табылады... Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, гиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды».

Абай **4-сөзінде**: «Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», – дейді. Алайда ақын адам бойындағы қайраттан гөрі жүректегі қайратты жоғары қояды: «Қазақ та – адам баласы гой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе **жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады**. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады».

Ғұлама «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген нақыл сөзге концептуалдық талдау жасайды. Бұл жердегі **бірліктің мал жинау жолындағы емес, ақыл жолындағы бірлік екенін ескерте келіп, тірлік сөзінің** астарына үңіледі. **9-сөзінде**: «Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім – өз сөзім емес, күлгенім – өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: «Бұ да жақсы, өлер кезде: «Әттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» – деп қайғылы болмай,

алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге», – дейді. Осы ойы «*Ішім өлген, сыртым сау*» деген өлеңінде де берілген.

Абай «*тірлік – жан кеудеден шықпағандық емес*» деген тұжырым жасайды. Қазақтың «*Ырыс алды – тірлік*» деген тұжырымын негізге ала отырып, осындағы «тірлік» сөзінің когнитивті сипатын талдайды. Абайдың тұжырымындағы *тірлік* – «*көкірегі, көңілі тірі*» болу. Сол себепті ақын: «*Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың*», – дейді.

Абайдың әлемді тануы, сөзбен танытуы – когнитивті тұрғыдан жан-жақты талдауды қажет етеді. Шағын мақаламызда ғұламаның ой-тұжырымын толық жеткізу мүмкін болмады. Бұл бағыттағы ізденістер, зерттеулер болашақта да жалғасын таппақ. Абайдың ұстанымы, категорияларды танып-танытуы, ғаламды сөзбен жеткізуі бүгінгі таңдағы когнитивті лингвистика, коммуникативті лингвистика, функционалды лингвистика сияқты жаңа парадигмалармен үндесіп, үйлесіп жатуы ғалым мұрасының өміршендігін көрсетеді. Сол себепті Абай Құнанбайұлының еңбектері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, мәнін жоймайтын, тозбайтын құндылық болып қала бермек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең – сөздің патшасы. – Алматы, 2008. - 568 б.
2. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана, 2017. - 740 б.
3. Өл Фараби Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. - 289-б.

Кітапханада Абай әлемі

Н. А. ҚҰЛЖАНОВА,
С.Бәйішев атындағы
облыстық әмбебап-ғылыми
кітапханасының
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы

АБАЙ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ

*(Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына
орай)*

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Қасым-Жомарт Тоқаев.

АБАЙ! Қазақ тарихымен әдебиетінде атақ даңқы Абайдан асқан, Абайдай танымал, Абайдай дара туған тұлға жоқ. Ақын есімімен аталатын көшелер, театрлар, кітапханалар, мектептер, ЖОО-ы мен саябақтар ақынға көрсетілген құрметтің бір парасы ғана. Ал, Абайдың алып тұлғалы ескерткішін кез келген қаладан кездестіруге болады. Бір сөзбен айтқанда, Абай қазақ халқының "брендi".

Алайда біз Абайды ұлы философ, ұлы ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы деуден артық тағы не білеміз? Ақынның жырлаған замана болмысы, болашақ пен бүгінгіні дөп басқанын қаншалықты мойындап, тани алдық? секілді сауалдардың төңірегінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына

орай С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы ҚР педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұбаназар Асановпен "Абай мұрасы – халық ұлағаты" атты онлайн әдеби сұхбатын өткізді.

"Қазақ тілі әдебиетінде, қазақтың тарихында, қазақтың ғылымында Абайдың алатын орны айрықша. Абай – мәңгілік! Абайдың шығармалары гаухартас сияқты. Сан қырлы. Мен өзім сол гаухартасқа ұқсатамын. Себебі, біз совет үкіметі кезінде Абайды оқып бір қырынан көрсек, енді міне тәуелсіздік алғаннан кейін басқа бір қырынан көріп жатырмыз." – деп сөз бастаған Жұбаназар Асанов ұлы ақынның өмірі оның ішінде көп айтыла бермейтін Абайдың үшінші атасы Ырғызбай туралы, оның Ақтөбе облысы Ырғыз ауданында дүниеге келгенін атап өтті. Сонымен қатар қазіргі кезде Абай Құнанбайұлының шығармашылығы, оның ішінде өлеңдері көптеген басылымдарда дұрыс жазылмай, өзгертіліп басылып жатқанын көптеген мысалдармен дәлелдеп берген ғалым Тоқтар Әлібековтің де еңбегін сөзге тиек етті.

Жұбаназар Асановтың "Жұлдыз" журналында жарияланған "Абайтану мәселесі және Ақтөбе өңірі" атты мақаласы да әдеби сұхбат барысында талқыланды. Профессор бұл мақалада жазған Абайтану ғылымының қалыптасуына алғаш із салған, ғылыми еңбектер жазып, баға жетпес үлес қосқан М.Әуезов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар қатарында Ақтөбе жерінен шыққан ұлы тұлғалар да бар екенін атап кетті. Олар: Сарышолақ Боранбайұлы, Телжан Шонанұлы,

Құдайберген Жұбанов, Ахмет Жұбанов, Мұхтар Арынов, т.б.

Әдеби сұхбат соңында профессор Жұбаназар Асанов кітапхана оқырмандарымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының жариялаған "Абай және 21-ші ғасырдағы Қазақстан" атты мақаласындағы Абайдың "Толық адам" тұжырымы жөнінде өз ойымен бөлісті.

Абай – барлық ұрпақпен құрдас әрі сырлас. Оның ойлы сөздері қазаққа ғана емес, адамзатқа ортақ. Сондықтан 21-ші ғасырда да ақынның ақылына сүйенеміз. Тіпті, мұқтаж екеніміз де даусыз. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы да күрделі сауалдың шешімін ақын Абайдан іздейді.

Жер бетінде қазақ деген жұрт барда, Абай жоғалмайды. Жер мәңгі! Ел мәңгі! Абай мәңгі.



**А. МҰҚАШЕВА,
С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе облыстық
әмбебап ғылыми
кітапханасының
қызметкері.**

АБАЙ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АЛДАСПАНЫ

Абай поэзиясы күндері Лондон, Париж, АҚШ, Қытай, Түрік мемлекеттерінде атап өтілді. Өз елімізде де Хакім Абай туралы көптеген іс-шаралар өткізілуде. Осы жылдың 30-шы мамырында Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойын атап өту туралы арнайы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Жарлыққа қол қойды. Осы орайда Президенталғаш болып 9жасар мектеп оқушысы Ләйлім-Шырақтан эстафетаны қабыл алып, аталмыш эстафета #abai175 хештегімен молынан таралуда. Сонымен қатар, жуырда ҚР Үкіметінің қаулысымен 10 тамыз Абай күні болып бекітілді. Абайды насихаттау асыл мұрамыз болып саналады. Абай шығармалары бүгінде көптеген тілдерге аударылып, сол арқылы бүкіл дүние жүзіне тарады, әлем халықтарының лайықты бағасын алуда.

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы жыл басынан бері Хакім Абайды насихаттауға арналған «Абайды бірге оқиық!», «Мен Абайды оқимын», «Абай жолы – жастардың назарында» сияқты акциялары мен мәдени іс-шараларын өткізіп келеді. Жуырда, осы акция жалғасын тауып, қазақтың бас ақыны, ағартушы, философ Абай Құнанбайұлының

175 жылдығы аясында «Мен Абайды оқимын» акциясын ұйымдастырды. Аталмыш шара онлайн форматта Абай гүлзарында өткізілді.

Кітапхана оқырмандары және №1 орта мектеп оқушысы Ескермесова Махаббат, №55 мектеп-гимназиясының оқушысы Нұрлыбекқызы Кәусар, №35 мектеп-гимназиясының оқушысы Қазақбаева Бақыт, №31 мектебінің оқушылары Болат Нұрхан, Болат Бейбарыс, Мусин Әбілмансұр, №51 мектеп гимназиясының оқушысы Зейнел Мадина ашық аспан аясында Абай өлеңдері мен қарасөздерін, аудармаларын нақышына келтіре оқыды.

Хакім Абайдың мол әдеби мұрасы туралы Ақтөбе облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші медиа орталықтың басшысы, «Ақтөбе адалдық алаңы» жобасы мониторинг топ мүшесі Мұстафина Әсел Сағынғалиқызы баяндап берді. Сонымен қатар, «Тандем» радиосының тілшісі Байтакова Айсын Мурсинқызы Абайдың «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін тамылжыта шырқады. Кітапханың белсенді оқырманы, үздік ұстаз медалінің иегері Кайралапова Жайнагүл Нағиқызы данышпан ақынға жүрекжарды арнауын арнады.

Абай аманаты – мәңгілік ел бойтұмары. Жассасын Тәуелсіздік көкбайрағы. Абай – қазақ елінің рухани қазынасы. Абай – ұлы даланың мызғымас темірқазығы. Егемен ел болып мерейіміз тасыды. Елбасымыз ұлтымыздың абыройын асырды. Алтай, Каспий арасы Абайдың әнін шырқайды. Абай жыры – алтын қыран боп төрткіл дүниені шарлады.

Сондай-ақ, 10 тамыз күні С.Бәйішев атындағы

Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы мен Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханасы «ZOOM» платформасы арқылы «Абай еліне саяхат» атты виртуалды мәдени танымдық экскурсиясын ұйымдастырды. Шараның модераторы С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директорының орынбасары Қырымқұлова Айгүл Мақсатқызы әлемдік әдебиет пен мәдениеттің асыл жауһары Абай туралы мазмұнды ой қозғап, алғы сөзді Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханасы директорының кітапхана ісі жөніндегі орынбасары Аязбаева Гүлмира Мұратқызына берді. Ол «Абай және кітапхана» тақырыбында ой өрбітті. Сонымен қатар, онлайн форматта сөз алған Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханасының бөлім меңгерушісі Манжибаева Жаңылгүл Әділбекқызы «Сирек басылымдағы Абай» тақырыбында баяндап, Абайдың ескі қолжазбаларымен таныстырды. Сонымен қатар, №40 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Култанбаева Жайнагүл Қалдыгүлқызы «Абай шығармаларының мектепте оқытылуы» және ақын өлеңдерінің мәні туралы айта келе, жастарды Абай шығармаларын оқуға шақырды. Содан соң, облыстық кітапхана қызметкері Ақмарал Сайлауқызы «Шын Хакім, сөзің асыл- баға жетпес» тақырыбы аясында кітапханада өткізілген ауқымды іс-шаралар, акциялар туралы, соның ішінде карантин уақытында жастардың өз уақытын тиімді пайдаланып, Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін оқудан белсенділік танытқаны туралы айта келе, «Мен Абайды оқимын»

акциясының мазмұндылығы туралы ақпараттарымен бөлісті. Шара соңында сөз алған С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы мен Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханасы бір-бірлеріне өзара алғысын білдіріп, алдағы уақытта да байланыста болуға сенімділік білдірді. Жыл соңына дейін Абай мұрасын насихаттау шаралары жүзеге асырылады.

Абайдың болмысын, қазақхалқының мейірбандығын, тұмса табиғатының сұлулығын суреттейтін, қазақтың тұңғыш эпопеясы – «Абай жолы» роман-эпопеясы биыл «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында жалпыұлттық оқылымға таңдалды. Ал, екінші оқылатын кітабымыз ерлік пен өнеге туралы ой қозғайтын жазушы Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты кітабы. Осы екі кітап жылы бойы оқылып, оқырмандарға насихатталады.

«Абай жолы» роман-эпопеясы әлемнің 120 тіліне аударылған. 16983 сөзді (жалқы есімдерді қоса есептегенде), 61424 сөз форма түрінде 465491 рет қайталап қолданған.

Қазіргі таңда әлемде таралып жатқан індет жұртшылықты алаңдатып отыр. «Адамды сүй, Алланың хикметін сез», – деп Хакім Абай айтқандай, аты жаман індеттен баршамыз сақтанып жүрейік. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының «Түн-түнекте» тарауында жаппай таралған індет туралы айтылады. Абай заманындағы індет халық ауызсу ретінде тұтынған өзен суынан жұққанымен оны ары қарай таратқан адамдар болғаны белгілі. Елімізде де таралып жатқан індеттен қорғанудың бір жолы – халықтың амандығы

үшін үйден көп шықпау. Жанымызға жақын адамдарды індеттен сақтау. Үлкен кісілерге көмек көрсету.

Ой түйіні: «Ұлтымыздың өскелең жас ұрпақтары Абайды ес білгеннен бастап таныса артық етпейді. Өйткені, Абай сияқты рухани әлеміміздегі дара да дана тұлғаның үлкенге де, кішіге де берері мол. Ендеше, білім мен тәрбие беру орындарының қай-қайсысында да Абайды таныту артық етпейді», – деп философия ғылымдарының докторы профессор Алтай Тайжанов айтқандай, Абай мұрасын зерделеу, насихаттау өскелең жас ұрпақтың басты міндеті. Хакім Абайдың ұлағатты есімі халық жадында мәңгілікке сақталып, туған елімен мәңгі жасай бермек. Алдағы уақытта да барша оқырмандарымыз Абай жаққан сәулені алаулата береді деген сенімдеміз.



Журнал олжасы – ойлы оқырман

М.ӘБІЛҰЛЫ,
филология ғылымдарының
кандидаты,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университетінің
доценті, профессор.

МЕН – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПАТРИОТЫМЫН!

Менің кең-байтақ Отаным – Қазақ жері, Қазақ елі! Мынау кең байтақ далам "мың өліп, мың тірілген" (Ж. Молдағалиев) қазақ халқының тарихын үнсіз іште бүгіп жатыр. Қарлы шындары бұлтпен таласып жатқан биік тауларым, "айнадай сәуле беріп жарқыраған" (Ы. Алтынсарин) өзен-көлдерім мен теңізім, асты байлыққа толып жатқан ұшса құстың қанаты талатын далам, жасыл ормандарым менің жігерімді жанып, арман-мақсатыма жетуге асықтырады.

Мен – Қазақстанның дамып, өркендеуіне өз үлесімді қосып келе жатқан қазақ азаматымын! Қазақ халқы ежелгі көне дәуірлерден бері әлемді таңқалдырып келе жатқан көшпелі халық екенін мақтан етемін! Алып Тарғытай мен Алып Ішбақай, Алып Ер Тұңға мен басқыншыларды шөл далаға алдап апарып, шыбындай қырған Шырақ, жерімізді шет ел бақыншыларынан қорғап қалған, көздің қарашығындай сақтаған Зарина мен Тұмар патшайым, Еуропада құлдық билікті жойған Еділ (Атилла) патша, жыраулық поэзияның тарландары

Молаксай жырау мен Тоғанас жырау (ғұн дәуірі), Қытай ханы Тай Чумен жан алысып, жан берісіп соғысқан Алпамыс (Алып Бамсы), Күлтегін мен Тоныкөк, Алып Қобыланды, Дүние жүзі мәдениеті мен ғылымының Аристотельден кейінгі екінші ұстазы Отырарлық Әбу-Нәсір (Әбу Нәсір әл-Фараби), Иасылық Қожа Ахмет (Қожа Ахмет Иасауи), Қашқарлық Махмұт (Махмұт Қашғари), Баласағұндық Жүсіп (Жүсіп Баласағұни), Жалайыр Қадырғали (Қадырғали Жалайри), Дулат Мұхаммед Хайдар (Мұхаммед Хайдар Дулати), Сыпыра жырау, Асан қайғы мен Қазтуған, Бұқар жырау мен Қожаберген жырау, Дулат Бабатайұлы мен Махамбет, Абай, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан мен Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаев, М.Әуезов пен С. Мұқанов, А.Байтұрсынов пен М. Дулатов, М. Жұмабаев пен С. Торайғыров, Бауыржан Момышұлы мен генерал Рақымов, батыр қыздарымыз Әлия мен Мәншүк... Айта берсем көп! Мен осындай ата-балаларымның рухынан нәр алып алысқа, өте алысқа, биікке самғаймын!


Тұңғыш президенттің *"Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін"* деп жігерлендіргенін ұмыта қойғанымыз жоқ, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев *"Ана тілімізді халықаралық тіл қатарына қосуға ұмтылайық!"* деген сөзі мені өз ісіме аса жауапкершілікпен қарауға міндеттеді. Мемлекеттік тіліміз болған-ана тіліміздің өркендеп, дамуына ықпал ететін адам факторы екеніне назар аударып, шетелдердегі қандастарымызды тарихи Отанына жеткізуге ықылас танытатынын өзінің "оралман"

сөзінің орнына "қандас" деп айтайық деп рухымызды көтергеніне қуаныштымын!

Киелі Әулиеата жері ғылым мен әдебиет саласында маған ерекше шабыт берді. Ұмытылып бара жатқан жазбаша айтысты қайта түлету мақсатында студенттер арасында жазбаша айтыс ұйымдастырып, бұл игі іс мектептер арасында жалғасын тапты. ***"Мектеп оқушыларын жазбаша айтыс арқылы шығармашылыққа баулу"***, ***"Студенттер мен мектеп оқушылары арасында жазбаша айтыс ұйымдастыру арқылы шығармашылыққа баулу"*** атты оқу құралымды, ***ежелгі сақ, ғұн дәуірінің тарихи тұлғалары туралы "Тұмар патшайым туралы қисса"***, ***"Мөде батыр туралы қисса"*** атты қиссалар жазып, қисса жанрын қайта жаңғырттым. Бұл – менің қазақ әдебиетіне деген азаматтық ұстанымым болып, көнеріп бара жатқан қиссаны әдебиетке қайта қауыштыруым. Мұның бәрі Отанымның гүлденуіне, әдеби салада алға ілгерілеушілік болсын деген ойымнан туған игі істер еді.



Қазақ балалар әдебиетінің тарихына бастау қостым, сөйтіп бұрын толық зерттеле қоймаған бұл саланың олқы



тұстарын толықтырдым.

2012-жылы "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты оқу құралын жаздым.



2013-жылы "Ежелгі дәуірдегі балаларға арналған көне эпостар", "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиет" атты хрестоматиялық оқу құралым жарық көрді.



2014-жылы "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты оқу құралы жарыққа шықты, "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" деп аталатын хрестоматиялық оқу құралын құрастырдым.



2014-жылы "Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті" атты оқу құралы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрді.



2016-жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің



баспасынан жарық көрген "Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті (XV-XVIII ғасырлар)" атты оқулық-хрестоматия құрастырдым.

Осының бәрі менің ғылымдағы патриоттық жетістіктерім деп санаймын!

Қазақстанның әрбір азаматы Отанымыздың экономикасына, қорғаныс қуатына, ғылымына,

мәдениетіне, әдебиетіне, басқа да салаларына үлес қосуы керек. Бұл – оның азаматтық парызы, Отан алдындағы қарызы.



Ұстаз ұсынысы

С. Қ. АҚБАЕВА,
«№3 жалпы білім беру орта
мектебі» КММ-сі,
Қазақ тілі мен әдебиет
пәндерінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Мұнайлы ауданы



ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ШЕҢБЕРІНДЕ САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДА БОЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

*«Халықпен халықты, адаммен адамды теңестіретін
нәрсе – білім»*

М.О. Әуезов.

Тәуелсіз еліміз үлкен стратегиялық бағыттағы жоспарды алдына мақсат етіп алды. Дамыған 50 елдің қатарына ену – басты мақсат. Даму қай бағытта да бір жоспармен іске асатыны белгілі. Ол жоспар білім саласына да өзгерістер алып келді. Жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу, алған білімін өмірде қолдануға үйрету – ұстаздар қауымының алдындағы міндет. Сол міндеттер - жаңартылған білім мазмұны бүгінгі таңда қалай іске асып жатыр?

Үш жылдан бері бұл білім мазмұнының артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айтылып

жатыр. «Көш жүре келе түзеледі» деген сеніммен жүгі бар арбаны көппен сүйреп келеміз. Ең тиімді жағы – мақсат айқын. Тек біліктілік пен шеберлікті ұштастыра білу қажет.

Сын тұрғысынан ойлау, жуан, жіңішке сұрақтар, сөз бостандығы, сөз еркіндігі, болжау, саналы түрде білім алу – білім алушының ой-өрісін кеңейтіп, жеке көзқарастарын қалыптастыруда деп айтуға болады.

Дегенмен, кездесетін қиындықтар да аз емес. Ыбырай заманында білімнің не екенін жете түсінбеген халықты мектепке тарту қандай қиын болса, дамыған елдің білім мазмұнын дамушы елге алып келгенде сондай қиын болып жатыр. Халық баласын ертеңгі күні күн көрісі жақсы болсын деп мектепке береді. Кейбірі мектепке беру міндетті болғандықтан күшпен әкеледі. Ащы шындық. Білімді өмірде қолдану үшін емес, болашақта күн көрісі жақсы мамандық иесі болсын деп оқытты. Сабақтан келген баласынан кез келген ата-ана бірінші баладан оның көңіл-күйінен, сезімінен бұрын бағасын сұрайтын. Содан бала баға үшін оқитын болды. Қазір соның әсерінен бала күнделікті бағаланбағандықтан сабаққа енжар қарайды. Тоқсанына 2 рет бағалану оларға тым аз көрінеді. Сондықтан ол сабаққа қызықпайды.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұнында баға жүйесі өзгерді. Ол жағымды сөздермен ауысқаны баршамызға белгілі. Бұл сөздерді білім алушы жиі естиді, әсері өте жақсы. Әйтсе де, кездесетін қиындықтар баршылық. Оған бізге уақыт керек. Соларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қалай шешуге болады? Іс-тәжірибемді ортаға салғым келді.

Күнделікті үй жұмысы, сабақ кезіндегі жеке жұмыс, топтық жұмыс, шығармашылық жұмыс, тест жұмыстары - қалыптастырушы бағалау тапсырмалары кезінде білім алушылар ұпай жинайды. Сол жинаған ұпайы бөлім бойынша бағалау кезінде жоғары оқу орындарындағы сияқты ескерілсе, білім алушының әлдеқайда қызығушылығы жақсарады. Бұған мен өз жеке тәжірибемнен көз жеткіздім.

Екіншіден, баланың міндетті оқуы – сабақтан қалмайды. (жинайтын ұпайы кеміп қалмау үшін)

Үшіншіден, сапа мен үлгерім жақсарады.

Төртіншіден, күнделікті сабағына дайындықпен келеді. Сонымен қатар оқушы айнасы болып есептелетін дәптер жұмысы күнде тексеріледі.

Бесіншіден, әрбір сабақ кезіндегі қалыптастырушы бағалау тапсырмалары арқылы әр сабақ сайын 6 ұпайдан жинайды. Мысалы, 20 сағатта 120 ұпай жинайды. Білім алушының осы жинаған ұпайы бөлім бойынша бағалау кезінде ескеріліп, автоматты түрде баға қою керек деп ойлаймын.

Бұларды «Білім алушыға арналған оқушы дәптері» арқылы да жүзеге асыруға болады. Тиімді жағы - уақыт үнемдейді, күнделікті сабаққа өз қызығушылығымен қатысып ұпай жинайды. Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары жинақталып беріледі. Білім алушы саналы түрде өз бетімен шығармашылық жұмыс жасайды. Алған білімін өмірде қолданады. «Оқушы дәптері» оқу жоспарында көрсетілген мақсатты негізге алып жасалынды. Осылайша алдымызға қойылған стандартты мақсатты меңгертуде оң әсері болады.

Ел боламын десен...

Қ.ДҮРІМБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№167 жалпы білім
беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.

ЖАЛПАҚ ЖҰРТТЫҢ ЖҮГІ

Бала тәрбиесі адамзат жаралғаннан бері күн тәртібінен түсіп көрмеген мәселе болса дағы кейде бұған атүсті, немқұрайлы қарайтынымыз өтірік емес. Адам баласы жаралғаннан жақсылыққа құмар да, жамандыққа үйір. Бұлай дейтініміз кім де болса менде бола берсе екен дейді. Қиялмен байуға құмар. Не әкеден қалған малға ие болғысы келіп, сол арқылы бай-дәулетті өмір сүргісі келеді. Бұл – шындық.

Енді сол дүние, сол молшылық қайдан, қалай келеді оны ойлағымыз келмейді. Білсек те, сол жолмен жүруге, нақтырақ айтқанда, еңбек етіп, білім, ғылым қууға желкеміз жар бермейтіні несі. Осы жерде дұрыс тәрбие бермеген әке-шешеміз деп, кінәнің бәрін соларға арта салғанда, өзіміз жақсы боламыз ба? Ойлану керек.

Өзіміздің бойымыздағы жалқаулық, кертартпа мінезімізді біле тұрсақ та, алдағы өмірде ілгерілеуге неге қарекет қылмаймыз? Бірақ мұның да жауабы дайын. Бойымызға қанмен сіңген мінез – енжарлық пен бойкүйездік.

Дәл бүгінгі күні біз судың бетіне қалқып шыққанға қарқ болып жүрміз. Соған қанағат жасап, көңіліміз тоқ. Шын асылды іздеп, тереңге сүңгуге жүрегіміз дауаламай ма, әлде, ынжықтық па, әйтеуір, суға түскіміз келмейтіні өкінішті. Жоқ, ынжықтық емес, жүзе білмейміз. Оны бізге ешкім үйреткен жоқ. Өзінше үйренуге құлық жоқ.

Осының барлығына әке мен шеше, қоршаған орта

кінәлі. Кемшілігімізді түсіндік дейік. Ендеше, жас ұрпақты тәрбиелеуге осы қоғамның мүшесі ретінде, ата-ана ретінде бір кісідей атсалысайық. Біздің "әттең-айымызды" олар қайталамасын. Молшылықта, қамсыз ғұмыр кешсін.

Бала тәрбиесі – аса өткір мәселе. Бұған ойшылдар да, ғалымдар да зор көңіл бөлген. Кейінге мұра болсын деп артына ұлағатты сөз қалдырған. Енді сол жауһарларды кәдемізге жаратытын кез келді. Біз бүгін әркім өз баласын ғана дұрыс тәрбиелесек болды, ертең қартайған әке-шешесін далада қалдырмаса болды деген ниетте болсақ қателескеніміз. Біз жас ұрпақты тәрбиелегенде ұлт болашағын тәрбиелеп жатырмыз, келешегіміздің негізін қалап жатырмыз деп түсінгеніміз абзал.

Балаға тәрбие беру үшін біз өзіміз тәрбиелі болуымыз керек екендігін ұмытпаған жөн. Бала айтқанды емес, көрсеткенді істейтіні – заңдылық. Өзі шылым шегіп тұрған әке баласына "темекі тартпа!" деп айтқанымен, оны орындайтын бала жоқ екені рас. Осындай жағымсыз қылықтар жасайтын ата-ананың балаларынан жақсы дүние күту әбестік болар. Ғайыптан тайып, Алла санасына сәуле түсірген бірлі-екілі болмаса. Ол үшін әке балаға үлгі болатындай іс қылғаны жөн. Балаға қамқорлық деп тек жағдай жасаған аз. Тамағын тоқ, киімін көк етсем, ата-аналық парызым осымен аяқталды деген – қате түсінік. Оған соңғы үлгідегі компьютерді әперіп, пәтеріңнен бөлек бөлме беріп, үстелі мен орындығын қойып, енді сабағыңды оқы деу – орындалмас талап. Ол жеміс ағашын көктемде отырғыза салып, енді жеміс бере бер дегенмен тең. Сондықтан да өзің балаңмен бірге отырып, кітап атаулының бетін бірге ашуың керек. Тек сонда ғана өнімді іс болып, нәтиже беруі мүмкін. Жас

бала жаңа отырғызылған жас тал сияқты. Оған ұзақ уақыт күтім керек. Бағып-қағуды қажет етеді. Тәрбие жұмысы ұзақ, әрі мұқияттылықты талап ететін парыз.

Дәл қазіргі уақытта есіктен шыға бере көңілің толмайтын келеңсіз қылықтардан көз сүрінеді. Соның барлығын істеп жатқан – сіз бен біз сияқты адамдар. Ешкімді мұның дұрыс емес деп жазғыра да алмайсың, жөнге де сала алмайсың. Әркімдікі өзіне дұрыс. Оған біздің ой-өрісіміз, санамыз қажетті деңгейге жете қойған жоқ. Бізде қазір "ортақ" деген, "адамзат үшін" деген түсінік жоқ. Жалпақ жұрт кәдесіне жарататын дүниелерді "менікі емес қой" деп қараймыз. Тіпті қолымыздағы керек емес затты көшеге тастай салудан именбейтін де болдық. Себебі, көшенің тазалығына жауап беретін көше сыпыратын адам бар деп ойлаймыз. Сол адам болғаны үшін біз көшені қоқсыққа толтыруға міндетті сияқтымыз. Егер жүрген жерімізде өзіміз тазалықты сақтасақ, көшеде шылым шекпей, қасымыздағы адамдарды түтінге тұншықтырмасақ, балаларымызды тек пайдалы іске баулысақ, қоршаған ортаны қорғауға атсалысып өмірімізді мағыналы да мазмұнды етуге саналы түрде ұмтылсақ қоғамға тигізер пайдамыз орасан зор болар еді.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, қазақ балаға тәрбиені ақыл айту арқылы берген емес, өнеге көрсету арқылы берген. Ал, ақылды сөз ұғарлық жасқа жеткенде, жақсы мен жаманды айырып, естігені құлағында қалатындай болғанда айту керек. Басқасын ұлы адамдардың ұлағатты мұраларынан ой қорыту арқылы үйренер.

Өмірімізді мағыналы ету мен қоғамды алдыға апарар азаматтарды тәрбиелеп, ұлт келешегінің негізін жасау өз қолымызда. Оған ар алдында барлығымыз жауаптымыз.

Тілім – мақтанышым

М. К. ЖҮЗТАЕВА,
Б. Момышұлы атындағы
Алматы республикалық
«Жас ұлан» мектебі.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Мақсаты: Жас ұландарымыздың бойына қазақ тілінде өлең, мақал-мәтел, нақыл сөздерді оқыту арқылы сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту. Қасиетті ана тілін қастерлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу;

Көрнекілік құралдар: Ана тілі туралы пікір айтқан ұлылар сөзі, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер және латын әліпбиі жайында жазылған слайдтар, шарлар.

Аслан:

– Жұрттан бөлек жұмсақ қол құндақталған,
Тал бесікте тербеліп кім жатпаған.
Ана әлдиін тыңдамай сол бесікте
Таң атпаған, күн шығып, күн батпаған.
Сүтімен аз ананың сінген тілім,
Ғұмырлық серігім боп енген тілім,
Ана тілім арқылы ғұмыр сүріп,
Әмірін орындаймын жүрегімнің.

Қайрат:

– Болса да қанша тілдер жер бетінде,
Жол таппас ешбірі де жүрегіме.
Мен барда, қазақ барда қазақ тілі
Мәңгілік жасай берер жер бетінде.
Мәңгілік ел – атанған қазақ елі
Сөйлейді, ғұмыр кешіп өз тілінде.

Мұғалім:

– Сөйлейді ғұмыр кешіп өз тілінде,
Оның айқын дәлелі-біз бүгінде.
Әдеби кешіміздің қонақтары,
Қош келдіңіздер !

Жүргізуші: – Иә, қыркүйек – тіл мерекесін, туған күнін тойланатын ай. Әдетте, туған күн айтулы бір күнге белгіленсе, тіл мерекесі жыл бойы тойланады деуге бізде негіз бар. Оның себебін талдайық!



Мұғалім:

– 22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күні. Осы себепті де біздің мектебімізде тек қазақ емес, орыс, ағылшын тілі пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен түрлі іс-шаралар болмақ. Неге 22 қыркүйек?



Жүргізуші:

– Жалпы бмыңға жуық тілдің 100-і ғана мемлекеттік деген статуска ие болған. 1989 жылы «Тіл туралы» Заң қабылданғаннан бері қазақ тілі де осы мемлекеттердің қатарына кіргеніне қуаныштымыз!

Мұғалім:

– Соңғы 1-2 жыл көлемінде қандай жаңалықтардың куәсі болдық?



Мұғалім:

– Айтулы күннің Ахмет атамның есімімен байланысты болуы не себепті? Себебі А.Байтұрсынұлов – қазақ әліпбиінің авторы.

Жүргізуші:

– Тіл мерекесі 5 қыркүйекке ауыстырылғанымен, бұрынғы айтулы күн, яғни 22 қыркүйек өзінің мерекелік маңызын жойған жоқ. Иә, ана тілі десе, алдымен есімізге өткен ғасырда ұлт үшін жанын қиған Ахмет атамның оралса, қазіргі таңда тіл жанашыры, ұлтжанды азамат М.Шахановтың айналып өту мүмкін емес. Ендеше, М.Шахановтың сөзіне құлақ түрелік.

Аслан:

– Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала, Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны,
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.

Сағитов:

– Және **ТУҒАН ТАРИХЫ**.

Еске алуға қаниама

Ауыр әрі қасіретті болса да.

Құдірет жоқ төрт анаға тең келер

Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.

Өзге ананың ұлылығын танымас,

Төрт анасын менсінбеген пенделер.

Төрт анадан сенім таба алмаған

Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!
Төрт анасын сыйламаған халықтың

Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана –

тағдырыңның тынысы,

Төрт ана үшін болған күрес –

күрестердің ұлысы.

Мұғалім:

– Иә, балалар, әрбір адамзаттың өз анасынан басқа төрт анасы бар екен. Олар...?



Жүргізуші:

– Ақын ең бірінші Туған жерді атап отыр. Туған жер тарихпен етене байланысты. Қазақ хандарының халқына деген, туған жеріне деген сүйіспеншілігін дәлелдейтін «Ханның әділ төрелігі» атты сахналық көріністі тамашалайық.

Мұғалім:

– Бұл оқиға сонау ықылым замандарда Мөде ханның тұсында болған екен. Монғол шапқыншылығы халықтың берекетін алып ел іргесін сөгіп, қан төгіспен аяқталған шапқыншылық кезінде Мөде хан «көршіммен тату болсаң, қан төгілмесе екен – деген ұстанымда ел билейді екен...

Мөде хан хан тағында отырады. Төңірегінде әскерлері мен уәзірлері қоршап тұрады.

Хабаршы (Абылай): – Хан ием! Көрші Қалмақ

елінен елші келді!

Хан (Мұхтархан):

– Елдестірмек елшіден,
Жауластырмақ жаушыдан.

Келсін! Кіргізіңдер!

Елші-1 (Бауыржан):

– Біздің ханымыз бізді сізге өз бұйымтайын сұратуға
жіберді, хан ием!

Хан (Мұхтархан):

– Айт! Ханыңның бұйымтайы не болды екен?

Елшілер-1 (Бауыржан):

– О, қасиетті қазақ ханы! Сізде шапса құспен
таласатын, аттаса алты қырдан асатын, құғанға
жеткізбейтін бір тұлпарыңыз бар екен. Соның
даңқты хабары біздің ханға жетіп, соны берсін деп
қолқа салды.

Уәзір (Алишер):

– Хан ием! Хан ием, бермеңіз! Ондай тұлпар, мың
жылда бір – ақ туылар, бермеңіз, хан ием!

Хан (сәл ойланып тұрып):

– беріңдер, беріп жіберіңдер Желқанатымды

Уәзірлер (Алишер):

– Әттең – ай, қайран желқанат- ай

(Арадан жыл өтеді)

Сахна төрінде – Хан. Оң жағын да жақында
үйленген сұлу ханшайым, сол жағында уәзірлері.

Хабаршы (Абылай):

– Көрші елден тағы елші келіп отыр, Хан ием!

Хан: – Келсін, маған жіберіңдер!

Елші-2 (Шыңғыс):

– О, о, қазақ Ханы! Бізді Ханымыз сізге жіберді.

Бұйымтай айтқалы тұрмыз.

Хан: – “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ”, айт!

Елші-2: – Сіздің даңқыңыз біздің елге жеткен еді. Сіз
елде жоқ ай сипатты бір сұлуға үйленісіз. Сол сұлудың
сұлулығын естіген ханымыз бізге сол қалыңдығыңызды
сыйға тартуды ұсынды, қабыл етіңіз, хан ием!

Уәзір-2 (Сәрсен):

– Не дейт! Неткен бассыздық! Хан ием, рұқсат
беріңіз! Жон терісінен таспа тілдірейін мына
сұмның! Ханымды сұратқаны не еткені!

(Хан іштей сөйлейді. Ашуланып теріс қарап тұрып,
іштей күбірлейді: қайтсем екен, сені қимағанмен,
елімде қан төгілгенін, жазықсыз жандардың қыршын
кеткенін қаламаймын, елім үшін жаным да, арым да
садаға...) – Алсын! Алып кетіңдер, алып кетіңдер
ханымды...

Ханшайым (Анар):

– Хан ием! Бұныңыз не? Жүрек әмірімен мені
алдыңыз, қалай мені жауға қимақсыз? Аяңыз мені,
жібермеңіз!

Уәзірлер (Сәрсен мен Алишер):

– Бермеңіз хан ием, ел күледі зой, бермеңіз, хан ием!

Хан: – Араласпаңдар! Бұл – менің шешімім!

Арадан тағы бір жыл өтеді....

Хабаршы:

– Қалмақ елінің үшінші елшісі сіздің рұқсатыңызды
күтіп тұр, хан ием!

Хан: – Жіберіңдер, келсін!

Елші-3 (Арман):

– Ханымыз сізге тағы бір бұйымтайын айтып,
бізді жіберді, хан ием!

Хан:

– Айт!

Елші-3:

– Біздің елмен шекаралас жеріңізде Ақсу мен Көксу атты жайылымдарыңыз бос жатыр екен, сол жайылымдарыңызды ханымыз сұратып жіберді.

Уәзір: – Хан ием! Ол жерлер ексе, егін шықпайтын елсіз дала ғой, сол дала жүйрік тұлпарыңыз бен сүйген әйеліңізден артық болып па?! Құлазыған қу даланы қайтесіз, беріңіз, хан ием!

Хан (орнынан атып тұрып ашулы)

– Доғар! Ақымақ!

Хандарыңа айта барыңдар!

Тұрысатын жерін, күнін айтсын! Соғысуға мен дайын! —

(елшілер шығып кетеді.)

Хан (монологы) Халқымның қаны төгілмесін деп, Желқанатым мен Назымханымды жауға бергендегі мақсатым, халқым, сені сүйгендіктен еді! Тағы бір жылқы Желқанатымдай жүйрік жылқы туып берер деп едім! Ал Назым ханымды жауға беріп жібергендегі мақсатым – тағы да халқымның тыныштығы еді. Халқым аман болса, тағы бір сұлуды маған сыйлар дегенім еді! Ал Туған жердің бір қарысын да жауға таптатпаймын!

Уәзір: – Ақсақал батаңызды беріңіз, біз жорыққа аттанайық!

Ақсақал:

– Иә, құдайым оңдасын,

Оң жолына бастасын.

Жортқанда жолың болсын,

Жолдасың періштелер болсын.

Жер жүзіндегі қатерден

Жаппар Иеме тапсырдым!

Судан келер қатерден,

Сапардағы қатерден

Жаратушы жан Ием,

Сақтай гөр – деп тапсырдым!

Бір Аллах, Өзіңе тапсырдым!

Қайырлы дәулет берсін

Халыққа татулы өмір берсін!

Өткенге иман берсін!

Тіріге – береке берсін!

Жастарға зұмыр берсін!

Халқымызға бірлік берсін!

Уа, халқым!

Көтеріңдер, қолдарыңды!

Өңшең жас ұландарым,

Жолдарыңа жан садаға,

Жараса жанды береміз.

Әумин, Аллаһу әкбар!

Жауға аттануға дайындалыңдар, қасық қанымыз қалғаниа жерімізді қорғайық!!!





Алишер:

Біз – қазақ деген мал бал баққан елміз!
 Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз
 “Елімізден құт-береке қаипасын” – деп
 “Жеріміздің шетін жау баспасын” – деп
 Найзаға үкі таққан елміз!
 Ешбір дұшпанды басындырмаған елміз!
 Басымыздан сөз асырмаған елміз!
 Досымызды сақтай білген елміз!
 Дәм-тұзды ақтай білген елміз!
 Асқақтаған хан болса,

Хан ордасын таптай білген елміз!
 Атадан ұл туса, “құл боламын” – деп тумайды
 Ұл мен қызды ардақтаған елміз!
 Біз, қазақ, әлемге танылған елміз!
 Еркіндіктің ақ шамы жағылған елміз!
 Тілі мен діні еркін боп,
 Білімнен бұлақ ағылған елміз!
 Кендері «Қара алтын» боп,
 Еліме ырыс-бақ – табылған елміз!
 Арман қала Нұрсұлтанмен
 Әлемге танылған елміз!
 Жарқын болашаққа – бағытталған елміз!

Жүргізуші:

– Әттең, осындай жанқияр ерлікпен, өрлікпен
 келген бабалар аманатына енжарлықпен
 қарайтындар, әрине, көңілді құлазытады.

Асылхан, Мұхаметкәрім, Ринаттың сөзіне назар
 аударалық.

Асылхан:

Біз – қазақпыз!
 Жерұйықта жайлаған
 Сол далада мың бір пұт мал айдаған!
 Біз – қазақпыз!
 Ат үстінде ойнаған,
 Айтыс терме күймен тойын тойлаған.
 Қабақ шытса, жауы шайқалған,
 Қонақ күтсе, жаны жайнаған!
 Уәдесінен таймаған,
 Сырын жатқа жаймаған,
 Біз қазақпыз бастан бағы таймаған!

Біз – қазақпыз!

жауға қылыш сермеген
батыр елміз ешбір дұшпан жеңбеген

Біз – қазақпыз!

Ешкім сөзін бөлмеген
Ақын елміз жалған сөйлеп көрмеген
Ақ батамен ғана өрлеген
Ақ қымызға ғана шөлдеген
Елін дауға бермеген
Жерін жауға бермеген

Біз – қазақпыз!

Біздей болсын ел деген!

Мұхаметкәрім:

Тілім келді, дінім қайта оралды!
Басқа төнген қара бұлттар жоғалды.
Көк аспанда күндей болып жарқырап,
Қазақ елі егеменді бола алды.

Тілім менің – тірегім, дінім менің,
Тілсіз қандай болады күнім менің?!
Өз халқыңа жетеді өз мәнінде
Өз тілімде оқылса жырым менің.

Тілім менің-қуатым, күнім менің,
Күнім кетсе не болар ісім менің?!
«Тілсіз өмір бар» десе түсінбедім,
Тілімменен тірлікті мүсіндедім.

Ана тілін жырлап өткен талайлар,
Жырлап өткен Ыбырай мен Абайлар.
Қасиетті менің ана тілімде
Өшпес мәңгі алаулаған арай бар.

Ринат:

Төл тіліңді таза біл
Абайдан қалған асыл сөз,
Жамбылдың жауһар жырлары,
Қасымның қайсар ызғары,
Төлегеннің жыр бағы,
Мұқағали сырлары,
Жұмекеңнің жыр нәрі,
Фаризаның мақалы,
Қадырдың шыққан қырлары,
Тұманбайдың тыңдары,
Мұхтардың маңғаз нұрлы әні.
Қалмасын десең тыңдаусыз,
Түсінемін десең ымдаусыз,
Тіліңді білгін бұл даусыз.

Мұғалім:

– Ұландарымыздың тілді шұбарлауға жан дүниесімен қарсы екені бізді қуантады. Себебі:

Ақын-жазушылардың тіл туралы пікірлері



- Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.
-

F. Мүсірепов

Жүргізуші:

– Шала қазақ атанып, тіл қадіріне терең бойлай алмай жүрген жастарға оның нарқын кімдерден сұрау керектігін **Әлішер** былай жеткізеді:

Әлішер:

– Тіл деген – алып мұхит түбі терең,
Піспегі толқын шашқан күбі ерен.
Қадірін тілдің сұра сақаулардан,
Көзіне жас алып бір күбірлеген.
Тіл деген – жарық жұлдыз аспандағы,
Арманның қиял жетпес баспалдағы.
Қадірін тілдің сұра мылқаулардан,
Көлінен ұшпай қалған қасқалдағы.
Тіл деген – адастырмас темірқазық,
Өрісі магнитінің өмірге азық.
Қадірін тілдің сұра кереңдерден,
Сөйлеуді арман еткен көңіл жазып.

Мұғалім:

– «Қолда бар алтынның қадірін біле жүрейік»,
ұландар!

Иса Байзақов айтқандай:

«Таңдамалы тәтті тіл – Абай тілі,
Ақынға дос, жанына тиеді жылы.
Шымырлатып денеңді, сүйсіндіріп,
Шертіледі жүректің нәзік қылы.

Жүргізуші: – Иә, тіл майын тамыза жырлаған Абайдан асқан ақын жоқ шығар, сірә! Биыл баршамызға мәлім Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойы тойлануда. Ендеше, сол ұлы тұлғаға құрмет ретінде **Меліс пен Сырым** «Абайға тағзым» өлеңін тыңдалық!

Сырым:

– Баланар інжу-маржан жыры асылға,
Ғаламға кең сермеген құлашында.
Бұрын соңды өзге ешкімнен табылмаған,
Абайдың қазына бар мұрасында.

Абайдай шын өнеге, еренді ойлап,
Ізімен ұлы атамның келем жайлап.
Жыр жаздым ұлы Абайға тағзым қылып,
Жүрегімнің түбіне терең бойлап.

Жазылған елдің мұңы қаламында,
Айналған қазақ үшін бағалы ұлға.
Надан боп, адамдықтан тозған жұрттың,
Озганы болыпты ғой заманында.

Байқалар жырларынан жаңа саф үн,
Сөздері тек шындыққа жанасатын.
Ұлы Абай болжампаз, әулие кісі,
Жырлары болашаққа жол ашатын.

Мұғалім:

– Ана тілімізде таза сөйлеп, Абай дана секілді тілдің бүкіл құнары мен нәрін бойымызға сіңіре білейік!

Жүргізуші:

– Ана тілін құрметтеу, оны шұбарлаудан сақтау – әр азаматтың міндеті. Кешіміздің келесі бөлімі осы тақырып аясында болмақ дей келе, бүгінгі кешті Мұқағали Мақатаев атамыздың «Қазақстан» өлеңімен аяқтаймыз!

Ш.Е.КАКЕНОВА,
Т.Айбергенов атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Миялы ауылы

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ – ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

(эссе)

Қазақ халқы қанша ғасырда қанша қуаныш, қанша мұң – қайғы, тепкі мен езгі көрсе де әдебиеті мен тарихын жаттау мен жаңартудан жалықпаған халықпыз. Басымыздан не замандар мен уақыттар өткенмен ұлыларымызды ұлықтаудан шаршамаған елміз. Құдайға мың тәуба, Қазақстанның қай тұсының жер қойнауын ашсаң жер байлығың төгіледі, халықтың қойнауын ашсаң ақының мен жазушың, ғалымың мен ел қамын жеген елдің азаматтарына баймыз. Сондай елдің ертеңіне жанын сала қызмет еткен, әйгілі 362 әулиенің мәңгілік тыныштық тапқан мекені, жері мен табиғаты көркем де бай өлкеміз – Маңғыстаудың тумасы, қазақ халқының маңдайына біткен бірегей жазушымыз – Әбіш Кекілбаев. Әбіш ағамыз туралы сөз қозғағанда ең бірінші ойыңа келетін қыры – жоқтан бар жасап, тарих пен тағылымды қатар ұстай отырып шындықты шырқайтын қазақ тарихын шарықтау шегіне жеткізе отырып жазған кемел де келелі ойдың иесі, қазақ әдебиетінің жанашыры болған жазушылығы. Қазақ халықпында «Жігітке жеті өнер де аз» – деген даналық сөз дәл осы Әбіш Кекілбаев сынды азаматтарға

айтылған болар. Әбіш ағамыздың жан-жақты, білімді, тәжірибелі, ел ісінің ерен ері, халқымыздың асыл азаматы, халық өнерінің жанашыры, талғамы биік жазушы, шығармаларынан сурет сала білген сиқырлы суретші, қазақ тарихын әлемге таныта білген кемел тарихшы, қазақтың айшықты сөз зергері, ғылымның ғаламат ғалымы, қазақ елінің қиындықтарды жеңіп аяғанан нық тұруына бойындағы бар күш-жігерін жұмсаған халық жанашыры, білгір де білікті саясаткер, өлкетанушылық пен публицистиканың, философияның, аударма ісі мен этнографияның жіліктерін шағып майын ішкен дара талант иесі, елін сан қырымен тәрбиелеген ұлы ұстаз, халқына қасық қаны қалғанша аянбай, жалықпай еңбек еткен қоғамның қарымды қайраткері, өз отбасын бақытқа кенелткен отбасының тірегі болғандығына басынды шайқап таң қалмастан басқа айтарға сөз қалмайды. Бір өзінің бойына осыншама ұлы қасиеттерді қалай жиды екен – асқар таудай ұлы ағамыз Әбіш Кекілбаев.

Қазақ халқымызда «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» – деген даналық сөз бар. Әбіш ағамыз ұлтқа ұстаз болған ұлы тұлға. Ұстаздық жол оңай жол емес. Ұстазға қарап ұлт тәрбиеленеді. Сондықтан да ұстаздардың арқалап жүрген жүктері жеңіл емес. Ал, Әбіш ағамыз болса, бүкіл қазақ халқының ұстазы бола білген ұлағатты адам. Елінің өткенін ескере отырып, келешегінің кемел болуына қызмет еткен Әбіштей ұстазымыздың шәкірттері қазақ халқы еді. Әбіш Кекілбаев әдебиет әлемінде өз орнын тапқан кемеңгер ұстаз. Олай дейтінім, бүкіл әдебиет сүйетін қауым Әбіш Кекілбаевтің жауһардай жарқылдаған шығармаларын

оқып, үлгі алып ұстаз тұтып, сол кісідей қаламынан қара қылды қақ жаратын шыншыл шығармалар жазуды мақсат тұтатыны анық. *«Өнерде шәкірттік сезімін жоғалтқан адам ұстаз бола алмайды»* – деп Әбіш Кекілбаев өнерде де, өмірде де әр адам алар асуын алса да шәкірттік сезімнен айрылмау керек екенін керемет суреттеп айтқан суреткер ұстаз. Әбіш атамыздың саф алтындай саралы сөздері, ел аузында жүрген афоризмдері келешектеде талай сөз қадірін білетін тұлғалардың бойына тағар бойтұмары, аузында жүрер асыл сөздері, жадында сақталар сапалы ойы, керегіне жарар жанашыр жан жолдасы болып мәңгі қалатыны анық. Қазақ тарихын зерделеп зерттеген тарихшы ғалымдар да, аударманы жаны сүйген жандар да, этнография мен философия, публицистика мен өнер зерттеушілері де Әбіш атамыздың жазған келелі, ойлы шығармаларын басшылыққа алып, алып тұлғалы ұлы сөздің иесі болған атамызды ұстаз тұтып келеді. Әбіш Кекілбаевтің «Үркер», «Елең-алаң», «Шандоз», «Аңыздың ақыры», «Конец легенды», «Плеяды созвездие надежды», «Всплохи» сынды тұғыры биік романдары, «Шыңырау» повесі, «Күй» хикаялары т.б теңдесі жоқ шығармаларының бәрі де қазақ әдебиетінің алтын қорында мәңгілікке ойып тұрып орын алған шығармалар. Әбіш Кекілбаев қазақ тілінде де, орыс тілінде де теңдей сауатты болған. Сондықтанда болар ұлы тұлғамыз Әбіш Кекілбаевті тек қазақ әдебиеті ғана емес, орыс әдебиеті өкілдері тіпті алыс-жақын шетел әдебиеті жанашырлары да өздеріне ұстаз санайды. Оның дәлелі Әбіш туралы қаншама елдің әдебиетшілері, тарихшылары жазып қалдырып жүрген естеліктері. Әбіш

Кекілбаев тек қана шығармаларымен ғана елге ұстаз бола білген жоқ, басымызға түскен талай қиыншылық уақыттырда да елге арнап бірнеше мақалалар жазып, мінбелерден сөйлеп елдің тыныштығы мен бірлігін сақтап қалуға бар бойындағы күш-жігерін сарп етіп, елдің ел болып қалуына себепкер болған ұлттың ұлы ұстазы. Бұл сөзімнің дәлелі ретінде кешегі Тәуелсіздік алып, Қазақстан алғаш ел болып құрылғанда, аумалы-төкпелі кезеңдерінде Әбіштей нар тұлғалы азаматымыз Елбасымыз, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевпен бірлесе отырып халықты тұрақтылыққа, қиыншылықты жеңіп шығуға жол көрсетті. Ел болып түтініміз түзу шығып дамып келе жатқан кезде Жаңаөзенде болған ауыр жағдайларда да тау тұлға Әбіш Кекілбаев үндемей қалмады. Елді елдікке шақырып, сабырлық пен шыдамдылыққа үндеп, түн артынан жаңа күн туатынын бұқараға түсіндіріп бірнеше рет мақалаларын, асыл сөздерін жариялады. Елді елшілікке, бірлікке, татулыққа шақырудан шаршамаған алып бәйтеректей арлы азаматымыз өз уақытын ел ісінен ешқашан да аяған емес. *«Ұстаз өз уақытын аямайды, өзгенің бақытын аялайды»* – деген даналық сөз Әбіштей дара тұлғамызға айтылғандай. Әбіш атамыз да ел игілігі жолында өзінің күш – жігерін де, уақытын да, денсаулығын да аямай жұмсаған аяулы ұстаз.

Әбіш Кекілбаев – қадір – қасиеті қазақ жұртына мәшһүр қарапайым ұстаз. Олай дегенім, Әбіш атамыз мемлекеттің ілгері басуына жасаған жақсылықтарының өтеуі ретінде мемлекеттен қаншама дәрежелі ордендер, медальдар, марапаттар, атақтар, абыройлы қызметтер алса да өзінің байырғы адал, арлы, көп қазақтың бірі

болған қарапайымдығынан еш уақытта да айныған емес. Небір «*Мен былай едім, менің мынадай дәрежем бар еді...*» – деген бір ауыз сөз мақтануды ешқашан да естіген емеспіз. Дана тұлға бос мақтанды жөн көрмеген екен. Ұстаз шәкірттеріне жасап жатқан жақсылығын, игілігін пұлдамайды. Сол сияқты Әбіш Кекілбаев – қарапайымдылығынан таймаған халықтың асыл ұстазы.

Әбіш Кекілбаев туралы қандай мақтау мен мадақтау айтсақ та аз. Әбіштің ел үшін жасап кеткен жақсылығын тізбектеп тізіп бітіре алмаспыз. Әбіштей ұлттың болашағы үшін алаң болған айбынды азаматымыздың болғанына мақтанамыз. Өттең, тек ортамыздан мәңгілік мекенге кетіп қалғанына ғана қапаланамыз. Ел ертеңін ойлайтын асқар таудай азаматтарымыз арамызда ұзақ жүрсе олардың елге берер сыйы да мол болар еді. Дегенмен, Әбіш атамыздың бұқараға беріп кеткен асқақты, айбынды сөздері мәңгілік ел игілігіне пайдасы зор болып қала береді. Әбіштің алтындай асыл шығармалары ел жадында жыл өткен сайын жаңғыра бермек. Әбіш Кекілбаев қазақ халқымен бірге жасайды. Бүгінде таудай тұлғамыздың бейнесі, шығармалары елді сүйген ел азаматтарының жол бастар шамшырағы, сөз бастар «биссимилласы», іс бастар жан серігі болып келеді. Әбіш – қазақ әдебиетінің шебер ұстазы, шешен ұстазы. Әбіш – қазақ әдебиетінің мәңгілік тақырыбы. Әбіш – қазақ тарихының жанашыры. Әбіш – қазақ тарихы мен әдебиетінен орнын таба білген ұлағатты ұстаз.

Ұстаз толғанысы

Ж.Ж. ЖҰМАБАЕВА,
№7 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Ақсу қаласы,
Павлодар облысы

ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛЕТІН САБАҚ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

«Сабақ – мұғалімнің жалпы және педагогикалық мәдениетінің айнасы, оның интеллектуалды байлығының өлшеуіші, оның дүниетанымының және эрудициясының көрсеткіші».

В.А. Сухомлинский.

Білім берудің мақсаттары мен мазмұны өзгеруде, жаңа оқыту құралдары мен технологиялары пайда болуда, бірақ қандай реформалар жүргізілсе де, сабақ негізгі білім беру нысаны болып қала береді. Дәстүрлі білім беру жүйесі бойынша да, қазіргі орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша да солай болмақ.

Кез келген сабақтың жаңартылған бағдарлама міндеттерін шешуде маңызы зор. Бағдарламаның негізгі идеяларына сәйкес сабақ тақырыпқа емес, оқу мақсаттарына және күтілетін нәтижелерге негізделіп құрылуы керек. Оқытуға бағытталған сабақ нақты және әр балаға түсінікті мақсаттарға негізделіп жоспарлануы керек. Көбінесе сабақтың басым

бөлігі мұғалімнің ауызша түсіндіруіне жұмсалып, берілген тапсырмаларды орындауда да, оқушылар емес, басты рөлде мұғалімнің өзі тұрады. Сондықтан да оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары жойылып, белсенділіктері төмендейді де, кейбіреуі тіпті тәртіп бұза бастайды. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін әр мұғалім, ең алдымен, жоспарлауға саналы түрде және үлкен жауапкершілікпен қарауы керек.

Жоспарлаудың маңызы зор екенін түсініп, сабақ жоспарына асқан жауапкершілікпен қарау – мұғалімге өзінің әрбір қадамын талдап отыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша жұмыс істейтін мұғалім мобильді болуы керек. Мысалы, сабақта жоспарланған тапсырмалар жұмыс істемейтінін көрсе, яғни, оқушылардың қызығушылықтарын оятпаса, оқу процесіне баулымаса, сол арада жоспарға түзетулер енгізе алуы керек және сабақтан соң міндетті түрде талдау жасалуы керек. Мұғалімнің барлық іс-әрекеті оқытуға бағытталған тиімді сабаққа алып келуі шарт. Сабақты жоспарлау кезінде келесі сұраққа көңіл аударып отырған жөн: «Менің сабағымның мақсаты қандай? Сабақтың әрбір бөлігінің осы мақсатқа жетуге қандай пайдасы бар?»

Ал сабақтың мақсаты дегеніміз не?

Бұл – мұғалімнің болжауы бойынша, оқушының сабақ барысында қол жеткізетін нәтижесі.

Сабақтың мақсатын дұрыс қою – бағалаудың ажырамас бөлігі. Ол оқушы мүмкіндіктерінің басым жақтарын анықтауға, шешім қабылдауға және жоспарланған істі жүзеге асыруға көмектеседі. Мақсаттар неғұрлым нақты қойылса, бағалау да соғұрлым тиімді және анық болады.

Көптеген жағдайларда мақсатты дұрыс қою – келесі талаптардың орындалуына байланысты:

- *мақсаттардың нақты тұжырымдалуы;*
- *мақсаттардың іске асырылатын міндеттерге бөлінуі;*
- *мотивация және табандылық;*
- *үздіксіз бағалау.*

Мұғалімдер кейде мақсаттарды міндеттермен шатастырады. Сондықтан, бірнеше міндетке бөлінетін сабақ мақсаттары «көп қабатты» болып кетеді. Мақсат – ол оқушылар қол жеткізетін нәтиже. Ал міндет – бұл процесс, яғни сол нәтижеге қалай қол жеткізетінін көрсетеді.

Мысалы, қазақ тілі сабағында етістіктің шақтарын өттік делік, нәтижесінде оқушылар мәтіндегі етістіктерді танып, шақтарын анықтап, оларды өткен шаққа қойып сөйлемдер құрастырулары керек.

Мақсаты: Оқушылар өтілген етістіктерді пайдалана отырып, өткен шақта сөйлемдер құрай алады.

Міндеттері:

– *Оқушылар мәтіннен етістіктерді таба алады;*

– *Оқушылар етістіктердің шақтарын анықтай алады;*

– *Оқушылар етістіктерді зат есімдермен дұрыс байланыстырып, сөйлем құрай алады.*

Оқу мақсаттарын дұрыс қолдану оқушыларға қандай нәтижеге қол жеткізуі керек екендігін түсінуге көмектеседі.

Мақсат оқушыларға нені оқитынын, берілген тапсырмалардың не үшін орындалатынын көрсетеді. Олар мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты жақсартады және іс-әрекеттің нәтижесін бақылауға және өзін-өзі бақылауға мүмкіндік береді.

Сабақтың мақсаттарын анықтау мен оны іске асыруда қателерді болдырмау үшін, мынаны есте сақтау қажет:

Сабақ жоспары сабақтың мақсаттары мен міндеттерін қамтиды.

Сабақта:

- *оқушыларды мақсаттармен таныстыру немесе олардың өздерін мақсат қоюға баулу;*
- *оқушылардың сабақ мақсатын түсінуін және оған қол жеткізу қадамдарын (табысқа жету критерийлерін) анықтау;*
- *мақсаттардың орындалуы бойынша қорытынды жасау.*

Критериалды бағалауды енгізу бағалаудың көптеген мәселелерін шешеді. Ол нақты критерийлерді қолдану арқылы бағалау жүйесін оқу мақсаттарымен байланыстыруға мүмкіндік береді, оқушылардың оқу әрекеттерін анықтауға және жетілдіруге ықпал етеді, мектеп білімінің тиісті деңгейінде құзыреттіліктерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

– **Жетістік критерийлері** – мұғалімдердің сабақ мақсаттарына қол жеткізуіне көмектесетін құралдардың «мәзірі».

– Оқушылар үшін табысқа жету критерийлері мұғалімнің (немесе оқушылармен бірге) қойған мақсаттарына жетелейтін «қадамдар».

– **Табыс критерийлері** оқушыларға өздерінің жетістіктерін (өзін-өзі бағалау) және сыныптастарының (бірін-бірі бағалау) нәтижелерін қадағалап отыруға көмектеседі. Табысқа жету критерийлері оларға ненің қиындық тудыратынын немесе нені жақсы орындай алатынын анық көруге мүмкіндік береді.

– Табыс критерийлері оқушыларға өзін-өзі реттеуге бағытталған оқу дағдыларын және оқуға деген жауапкершілік сезімін дамытуға көмектеседі.

Критериалды бағалау қалыптастыратын

(қалыптастырушы) және нәтижелік (жиынтық) болуы мүмкін.

Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау күнделікті сабақта немесе үй жұмысын орындау барысында білім, дағдыларының даму деңгейін анықтау, оқыту үдерісінде оқушы мен мұғалім арасындағы байланыстың жүзеге асырылуы деп түсінеміз. Бұл оқушыларға жаңа материалды меңгеру барысында тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағанын және мақсаттар мен міндеттерге қандай деңгейде қол жеткізе алғандарын түсінуге мүмкіндік береді [1, 53б.].

Бағалаудың бұл түрі:

- *бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асырылады;*
- *оқушыларға тиімді кері байланыс ұсынады;*
- *оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуын, бұл өз кезегінде оқушыларды өзін-өзі бағалауға қатысуын қамтамасыз етеді;*
- *бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды түрлендіруге мүмкіндік береді;*
- *оқушылардың оқуға деген ынтасын дамытуға түбегейлі түрде ықпал етеді;*
- *оқушылардың өз оқуын қалай жетілдіру керектігін түсіну үшін өздерін өздері бағалай алуын қамтамасыз етеді және өзара бағалау арқылы бірге оқитын оқушылармен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады [1, 55 б.] ;*
- *қалыптастырушы бағалаудың нәтижелері оқыту және оқу сапасын жақсарту үшін, оқу жоспарын жетілдіріп отыру үшін қолданылады.*

Нәтижелік (қорытынды) бағалау келесі білім беру туралы шешім қабылдау мақсатында оқу нәтижелерін жүйелі түрде жинақтау болып табылады [1, 53б.].

Мұғалімдер үшін критериалды бағалау білім беру үдерісін ұйымдастырудың нақты көрсеткіштерін және балалардың материалды меңгеру деңгейін бағалаудың критерийлерін қамтиды, үдерісін объективті етіп, жеңілдетеді.

Ал оқушылар үшін критериалды бағалау оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін және өз жұмысын жақсарту жолдарын анық түсінуге мүмкіндік береді. Өйткені мұғалімнің олардан не күтетінін көрсететін нақты нұсқаулары бар. Егер оқушы бағалау критерийін жүйелі түрде пайдалануға әдеттенген болса, оның оқу нәтижесіне деген жауапкершілігі де арта түседі. *«Неліктен маған мұндай баға қойылды?»* деген сұрақтар да болмайды.

Сонымен, оқытуға бағытталған сабақ нақты және әр балаға түсінікті мақсаттарға негізделіп жоспарлануы керек. **Ендеше, төмендегідей қорытынды жасауға болады:**

1. Когнитивтік мақсаттарды іске асыру сабақтың эмоционалдық негізіне және балалар қарым-қатынасының сапасына байланысты екенін ескере отырып, мұғалім сабақ

жоспарлауда кешенді мақсаттар қоя білуі керек. Мақсаттарға сәйкес, оқушылардың ішкі мотивациясын дамытуға үлес қосатын бағалаудың әдіс-тәсілдерін таңдай алуы шарт.

2. Сабақтың мақсаты Блум таксономиясына сәйкес күтілетін нәтижелер (оқушы позициясынан) тұрғысынан тұжырымдалуы керек. Мақсатты оқушылардың өздері қойғаны әбден құпталады. Мұғалім оқушыларды мақсаттарды талқылауға баулуы керек, сондай-ақ, қалыптастырушы бағалау көмегімен олардың қаншалықты саналы түрде қойылғанын және балалардың мақсатқа жету жолдарын нақты

түсінетіндерін анықтауы керек.

3. Мақсат қойған кезде, мұғалім мен оқушыға қойылған мақсаттарға қол жеткізгенін көруге көмектесетін көрсеткіштерді анықтау керек. Оқу мақсаттарына қол жеткізудің табыс критерийлерін, тақырыптың күрделілігіне байланысты, оқушылардың өздері немесе мұғалім құрастыруы мүмкін.

4. Әрбір оқу тапсырмасын орындау барысында мұғалімге сабақтың әр сатысындағы оқушының түсіну дәрежесін анықтауына мүмкіндік беретін қалыптастырушы бағалау стратегиясы болуы қажет. Күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін не істеу керектігіне айқын нұсқайтын қалыптастырушы бағалау стратегияларын таңдау керек. Смайликтер, мадақтау мотивацияның дамуына ғана әсер етеді, бірақ жұмысты орындау барысында оқушыларға нақты нұсқау көрсете алмайды.

5. Мұғалім әр тапсырманы бағалау критерийлерін критериалды бағалау қағидаларына негіздеп әзірлейді. Оқушыға бағалау критерийлері қаншалықты анық, түсінікті болса, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі соншалықты жоғары болады.

6. Сабақты қорытындылағанда, мұғалім сабақтың мақсатына қайта оралып, оқушылармен бірге мақсатқа жету деңгейін анықтауы қажет. Сонымен қатар, бағалау үшін мұғалім әрбір оқушының оқу нәтижесін көруге мүмкіндік беретіндей тиімді бағалау әдісін жоспарлауы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

2. Питерс Т. «В поисках совершенства». Бесплатная электронная библиотека. Режим доступа: <http://www.dissers.ru/books/1/6074-7.php>

Сауаттылық сыры

У. С. САДЫРКУЛОВА,
№148 мектеп-гимназияның
директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары.

Г.ОСПАНОВА,
бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы қаласы

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Қазіргі кезеңде еліміздегі ғылыми-техникалық жаңару мен даму, қоғам өмірінің барлық салаларындағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш-жігерін, саналы әрекеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісінің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да, білім алуға да тек мәлімет жиынтығын меңгерумен шектелмей, оқушылардың өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын оқушы етіп даярлау қажет.

Ғылымның барлық саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы – оқыту үрдісінде оқушылардың өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыруға байланысты. Осыдан келіп, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады.

Демек, мұндай істерді арнайы ұйымдастыру – оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Қазіргі заман талабына сай өзіндік іс-әрекетін оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс.

Өзіндік жұмыс оқушылардың шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Сонымен бірге оқушылардың қабілеттерін шыңдайтын жұмыстарды оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Оқытудың мұндай тәсіліне берілетін анықтамалардың әртүрлілігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады.

Г.Н. Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша ашады. Бұл жұмысты оқушы өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады.

Г.Н. Кулагина өзіндік жұмысты оқушының іс-әрекет құралы, белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсіндіреді.

И.Т. Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерліктің жұмысы.

Өзіндік жұмыстар әртүрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу.

Р.Сүлейменов өздігінен істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай жаттығу, зерттеу шығармашылық жұмыстар деп топтастырады. «Шығармашылық еңбекте оқушылардың іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын

толық дербестігі айқын көрінуі тиіс». Шығармашылық жұмыстар оқушылардың дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының түрлері сан алуан. Оларды топтастыру – өте күрделі мәселе. Сондықтан оқушылардың біліктілігі мен қабілетін арттыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді топтастыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеруіміз керек.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың шарттары мыналар:

Мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі, жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі, мұғалімнің басшылығымен оқушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі, оған әсер ететін мотивтер т.б. Осыған орай, оқушылардың өзіндік жұмысын арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің тапсыруымен, бірақ тікелей көмегінсіз орындалатын жұмыс деп айту жеткіліксіз. ***Демек, мұғалімнің дұрыс басқара білуі және оқушылардың дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы – осы жұмыстың белгілері.***

Оқушылардың өзіндік жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін оның атқаратын негізі мен міндеттерін атап өткен жөн болар:

1. Оқушылардың дербестік қабілетін мейлінше арттыру.

2. Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.

3. Оқушыларға оқуға қажет біліктер мен дағдылар қалыптастыру.

4. Таным ақыл-ой қабілетін дамыту.

Сонымен, өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау қабілеті мен ынтасын дамытуға зор әсерін тигізеді. Оқушыларды қайсарлық, табандылық, батылдыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді, шығармашылыққа баулиды. Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына және көздеген мақсатына жетуіне жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Аманжолова, Р.Ш. Абибаева.

Мектепалды және бастауыш сынып оқушыларының психологиялық және педагогикалық диагностикасы. Жезқазған, 2004 ж.

2. Баланы мектепке даярлаймыз.

3. Жас ерекшелік психологиясы. Қарағанды, 2005ж.

4. Мектептегі психология. № 4, 2007ж.



Ж. А. САҒЫНОВА,
«Бейнеу аудандық әкімдігінің
Ж. Қалдығараев атындағы орта
мектебі» КММ-нің қазақ тілі мен
әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕР

Қоғам дамуының жаңа кезеңіне көтерілгенде, халық тұрмысына, ғылымға, салалық өзгерістер енгенде, көптеген жаңа атаулар, соны ұғымдар пайда болып, соған байланысты тілдегі бұрыннан бар сөздердің мағыналары көбейеді немесе мүлдем жаңа сөздер, терминдер туады. Осындай жолмен туындайтын, халық тұрмысына өзгерістер болған сайын жетілдіріп отыруды қажетсінетін терминология саласының бірі – *заң терминдері*. *Заң саласы – халықпен тығыз қарым-қатынас орнататын сала*. Құқық қорғау саласының барлық мамандарын халық біледі. Әртүрлі жағдай орын алып жатса да, құқық қорғау саласының мамандарына жүгінеміз. Еліміздегі тыныштық пен қауіпсіздік, азаматтардың амандығы тікелей Ішкі істер саласының мамандарына жүктеледі. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі биік, жұлдызын жағу – жұлдызды азаматтарға байланысты.

Заң терминдерін бір ізге салудың, оларды қалыптастырудың маңызы зор. Бұл салада істелген біршама жұмыстар да бар.

Алғаш рет заң терминдерін жүйеге салып, сөздік жасаған ғалым – Т.Күлтеев. 1962-64 жылдар

аралығында басылып шыққан заң кодекстері – заң терминдерінің қалыптасып дамуына игі әсерін тигізеді. Мысалы, 1960 жылы шыққан С.Байсалов пен Ұ. Құдайбергеновтің орысша-қазақша терминологиялық сөздігінің үлкен пайдасы болды. Онда 2700-ге таяу заң терминдері қамтылды.

Бұл сөздік – қазіргі кезде заң терминдерінен хабардар ететін бірден-бір лингвистикалық еңбек деп айтуға болады.

Заң терминдері ғана емес, жалпы терминология мәселесінің теориялық жақтары қазақ тіл білімінде әлі толық шешімін таппай отыр.

Біз терминдерді ала-құла қолданып жүретін болсақ, тіліміздің нормативті-құқықтық құжаттарда заң тілі ретінде орнығуына кесірі тиеді.

Заңтануға арналған қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздікте «авторлық келісімшарт» «авторлық шарт», «административная ответственность» «әкімшілік жауаптылық» дегенді «әкімшілік жауапкершілік», «актуальность» – «өзектілік», «актуальный» – «көкейкесті» деп аударылса, ендігі бір сөздікте «частное» - «жекеше», «частное право» - «жекеше құқық» деп аударылған. «Частная собственность», «частная жизнь» деген сөздер «жеке меншік, «жеке өмір» деп аударылады. Ал, «частное право» дегенді «жеке құқық» деп атай алмаймыз, бұл «отдельное право» дегенді білдіреді.[1-2.]

«Преступление» - «қылмыс»; «преступность» - «қылмыскерлік»; «преступник» - «қылмыскер» деп аударылған. «Преступность» деген сөздің бұрыннан қалыптасқан «қылмыскерлік» деген баламасы болса да, сөздікте «қылмыстылық» деп алынған. «Қылмыстылық» бұл сөздің мағынасын ашпайды әрі

оны аса жұмсартып жібереді.[1-2.]

«Лидер» сөзі Ұлттық қауіпсіздік комитетінде «басшы», Бас прокуратурада «көшбасшы», Ішкі істер министрлігінде «көсем» (бұрын қолданылған), «жетекші» (қазіргі қолданыста) деп қолданылып жүр. «Правомерно» және «неправомерно» деген сөздер «құқыққа сыйымды» және «құқыққа сыйымсыз» деп аударылған. Кейбір сөздіктерде аталмыш сөздер «занды» және «заңсыз» деп алынған. Алайда «законный», «незаконный» деген де бар. **Сондықтан терминологтар осындай сөздерге өз баламасын берген жөн.**[3.]

Заң терминдері мен ұғымдарының жоғарыдағыдай ала-құла болуы терминжасамға қойылатын

1). бір мағыналық;

2). қысқалық;

3). шарттылық, жасандылық;

4). тұрақтылық;

5). **бейтарап мәнділік деген талаптардың орындала бермеуіне байланысты.** Сонымен қатар терминдер мен ұғымдарды аудару кезінде сөздердің **бір мағыналы, көп мағыналы ғана емес, тар мағыналы, кең мағыналы болатынын ескерген жөн.**

Заңнама терминдері қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық саласын қамтиды. Заңнама мәтінде ең жиі қолданылатын тілдік бірлік – терминдер. Жалпы ереже бойынша, нормативтік ұғымды неғұрлым толық білдіретін термин – жақсы термин, ал, ұғымның шынайы мағынасын тұмшалайтын термин – сәтсіз термин. Ұғымдық айқындық және соған сай келетін терминологиялық дәлдік құқық нормасын мәтіндік ресімдеудің аса маңызды принципі.[4.]

Бүгінгі таңда Республикада заң терминдерін зерттеп

білу міндеті өзінің көптеген шешімдерін күтуде. **Солардың бірі – заң терминдерінің қалыптасу кезеңдерін анықтау, олардың шығу тәркіні (генезисі), терминдік жүйе ретінде қалыптасуы арнайы зерттелген жоқ.**

Заң терминдерін ғылыми жағынан зерттеудің маңызы зор. Әсіресе, жоғары оқу орындарындағы заң факультеттері студенттері, заң, сот мекемелерінде қызмет істейтін мамандардың күнделікті жұмыстарында пайдалануға аса қажет.

Демек, бұл айтылғандардың бәрі де зерттеп отырған мәселелердің өзектілігін дәлелдейді. **Сондықтан қазіргі "қазақ тіліндегі заң терминдері" мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді.**

Кей терминдерді қолданысқа ұсынылғанға дейін, заңға енгізілгенге дейін жан-жақты пысықтап, саралап алған дұрыс. Бір ұғымның бірнеше мағынасы, бірнеше сипаты мен белгісі болуы мүмкін. Бір ұғымның белгілерін анықтап, ішіндегі негізгісін тек сол саланың маманы ғана анықтай алады. Заңда, нормативтік-құқықтық құжаттарда, тіпті республикалық ең беделді басылымдарда сезікті, күдікті сөздері бір сөйлемде бірнеше рет қолданылады. Заң тілі нақтылықты қажет етеді. Не туралы, қандай сөз айтып отырғанымызды нақтылап, дәл өз атымен атауымыз керек. Құқылы деген сөздің өзін құжаттарда қақылы, құқықты деп пайдаланамыз. Ауызекі тілде бірнеше мағынасы қолданылсын, бірақ кәсіби тілде бір мағынасы болуы қажет.[4.]

Құқық қорғау саласындағы терминдерді бірізділендіру үшін ұсыныстар:

Әрбір ғылым саласының қазақ тіліндегі терминдерін бірізділендіру үшін қазақша сәтті

эквиваленттерін тауып, жүйелеу үшін сол ғылым саласының кәсіби біліктілігі жоғары мамандардан іріктеліп, құрылған топ болуы қажет.

Терминжасаммен айналысатын ғалымдарға қойылатын талап болу керек. Критерийлер жасау қажет. Мемлекеттік тілді еркін меңгерген ғалымдар тартылуы керек. Көптеген терминдер латын тілінен алынғандықтан, сол атаулардың этимологиясын талдап, түсінетін қабілеті болған жөн. Терминологиямен айналысатын топта міндетті түрде сөзжасам заңдылықтарын білетін тіл маманы терминолог ғалым болуы керек. Терминдерді тек сол саланың ғалымдары ғана емес, филолог-терминологтың талқылауынан өткізіп барып бекіту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Заң терминдерінің сөздігі=Словарь терминов законодательства/ Құраст.: С. Оразалинов, М. Айымбетов, Б. Бодаубай, Ө. Ақыпбекұлы. Өнд., толықт., 5-бас. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 832 бет (қазақша-орысша және орысша-қазақша).
2. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Т.30. Заңтану / жалпы ред. басқ. А.Құсайынов.- Алматы: Рауан, 2000.- 360 б.
3. Терминологиялық хабаршы. Астана, 2010. № 1 (31).
4. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. (оқу құралы) – Астана, 2009. – 160 бет.

Бұлақ көрсең, көзін аш!

Ж. М. ШАРИ,
Талап МБК,
С.Сейітов сыныбының түлегі.
БҚО,
Ақжайық ауданы,
Жұбан ауылы

АҚЫН РУХЫ

*Абайды оқып таныдым,
Ғибрат алып бойынан.
Бастысы – білім, талабым,
Сөздері кетпес ойымнан.*

*Әркімнің болар таласы,
Өнерге деген киелі.
Абайдай ұлы ақынын,
Ұлықтар қазақ баласы!*

*Мендегі үзік нәзік сыр,
Ұлыны тану – парыз іс.
Тамыры – терең, сырлы жыр
Өсиет-өлең, ізденіс.*

*Жастары жаңа гасырдың,
Болашағы – зор, бағдарлы.
Рухыңды биік жаңғырттым,
Бабалар жолы – айбарлы.*

*Абай өнегесі
Жастарымды үндеді,
Жүгіндіріп Абайға.
Ойлағаның жөн деді,*

«Білім қайда, ой қайда?»
«Ақыл шексіз Абайда», –
деген дана Шәкәрім.

Өкінішке қалмайды,
Мәңгі білім іздеген.
Ойларының өзегі –
Еңбек, білім, ар-ұят,
Өмір бойы жазғаны-
Жастарға берер гибрат.

Адамды өзге қырынан,
Танытар ісі құптарлық.
Үлгі алсақ ақын жырынан,
Қол созар бізге шын бақыт.



Қазақ әдебиеті: ортақ әдіс, озық тәжірибе

Г.К. КОЙШИБАЕВА,
№25 жалпы орта білім
беретін мектеп.
БҚО,
Орал қаласы

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

Оқу мақсаттары:

8.1.1.1. – мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау;

8.4.2.1. – эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну.

Сабақ мақсаттары:

- мәтіннен тірек сөздерді табады, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілген мәселені болжайды.

- көркемдік-идеялық құндылыққа гуманистік тұрғыдан талдау жасап, әдеби эссе жазады.

- өлеңдердің тақырыбы мен идеясын ашады, талдай алады.

Бағалау критерийлері:

- Өлеңнің мазмұнын түсінеді.
- Өлеңде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырады.

- Тірек сөздерді, иллюстрацияларды көркемдегіш құралдарды қолданады.

Лексикалық минимум:

Қолбасшы, рухани көсемі, көтеріліс, жебе.

Құндылықтарға баулу:

Қазақстандық патриотизм және азаматтық

жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық.

Пәнаралық байланыстар: Әдебиет, тарих.

Бастапқы білім: «М.Өтемісұлы – қазақтың қайсар ақыны» М.Өтемісұлының өмірбаянына қысқаша шолу.

Сабақтың басы: Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Топқа бөлу.

1-топ: Махамбет - батыр;

2-топ: Махамбет - күйші;

3-топ: Махамбет - ақын;

Махамбеттің «Мен – мен едім, мен едім!» өлеңін тыңдау.

Сұрақ-жауап әдісі

Сұрақтар:




– *Өлең не туралы?*

– *Не түсіндіңіздер?*

Сабақтың ортасы: Сөздікпен жұмыс

Сөздердің қазақша нұсқасын сурет арқылы сәйкестендіру.



<p><i>рухани көсем</i></p>	
<p><i>жебе</i></p>	
<p><i>көтеріліс</i></p>	

Мағынаны ашу кезеңі

1836-1838 жылдардағы халық азаттық қозғалыс тарихында Исатай мен Махамбеттің еңбегі зор болды.

Исатай көтерілістің тарихи басшысы болса, Махамбет халықты өлең-жырмен үгіттеген, көтерісшілердің рухани басшысы.

Махамбет пен Исатай – тәуелсіздіктің жаршысы.

«Танымынды кеңейт» әдісі. Венн диаграммасы



Тапсырма 1

1- топқа тапсырма

1). «Мен – мен едім, мен едім!» өлеңін мәнерлеп оқып, идеясын айт.

2). Өлеңнен сөз тіркестерін тап.

2- топқа тапсырма

1). «Ереулі атқа ер салмай» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын айт.

2). Өлеңнің стилін анықта.

3-топқа тапсырма

1). «Уа, Исаеке, Исаеке» өлеңін мәнерлеп оқып, тірек сөздерді анықта.

2). Көркемдегіш құралдарды тап.


Тапсырма 2

Махамбетке сипаттама бер, кластер жаса.



Сабақтың соңы: Рефлексия


«Бес саусақ» әдісі



Қорытынды бөлім:

1. Оқушылар М.Өтемісұлының шығармашылығына байланысты өз ойларын ортаға салады.

2. Оқушылар «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды.



Бағалау.

Үйге тапсырма.

«1836-1838 жылдардағы саясат» тақырыбына эссе жазу.

К. М. ТАСМАҒАМБЕТОВА,
Талап МБК-нің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 БҚО,
 Ақжайық ауданы,
 Жұбан ауылы

М. МАҚАТАЕВ **“АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА”**

О қ ы т у мақсаттары.	<p>1. Сезіммен өлең өрген жыр пырағы Мұқағали поэзиясына талдау жасау, ақын өлеңінің идеясын, мақсатын ұғындыру, поэманың тақырыбы мен идеясы, композициясы туралы теориялық білім беру.</p> <p>а). Поэманың негізгі кейіпкері ана бейнесі арқылы көл еркесі аққуға жасалған қиянаттың қайғылы оқиғаға ұрындыру себебін таныту, қоршаған орта заңдылықтарына қарсы келмеу қажеттігін нақты дәлелдермен түсіндіруге жету.</p> <p>ә). Аққудың басқа құстардан өзіндік ерекшелігі, қасиеті, киелі құс екендігін суреттеудегі ақынның шынайы сезімін таныту.</p>
	<p>2. Оқушылардың пікірталасын ұйымдастыру, өз ойын дұрыс тұжырымдап, дәлелмен жеткізе білуге, еркін сөйлеуге дағдыландыру, өлеңдерді нақышына келтіріп жатқа оқу, сүйсіне білу.</p>

	сезімдерін ояту, талдаулар жасай білу, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту.
	3. Ақын тілімен салынған табиғат суреті арқылы эстетикалық талғамға, көркем шығарма арқылы табиғаттың сырлы көріністерін тамашалап, сұлулығын сезіне қамқорлықпен аялай білуге тәрбиелей отырып, экологиялық мәдениетін қалыптастыру
С а б а қ мақсаттары	Барлық оқушылар: Өз ойларын кеңейтуді жалғастырады. Хабарлама тыңдайды. Тақырыптың мағынасын түсінеді. Мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.
	Оқушылардың көпшілігі: Ақынның шығармашылығы туралы кеңінен мәлімет алады. Өлеңнің басты тақырыбы мен идеясын талдай алады. Топта ынтымақтастықта жұмыс жасай біледі, өз ойын еркін жеткізе алады, шығармашылық қабілетін дамытады.
	Кейбір оқушылар: Мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, сөйлем құрайды. Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсінеді, сөйлесуде қолданады.

Т і л д і к мақсаттар	Оқушылар: Мәтінді мәнерлеп оқиды, өз ой пікірлерін қорытындылайды, шығарма ішінен көркемдік құралдарды табады, сөйлеу мәдениетін арттырады.
	Пән лексикасы мен терминологиясы: поэзия, поэма, сюжет, композиция, сөз тіркесі, сөйлем. Диалог жазу үшін қажетті сөз тіркестері: Талқылауға арналған сұрақтар: - Аққу туралы қандай өнер туындыларын білесіңдер? - Ақын сөзіне жазылған қандай әндерді білесіңдер?
Б а с т а п қ ы білімдер	Оқушылар поэма мазмұнын мағыналық бөліктерге бөліп, тапсырмаларды орындады. Әр бөлімде қолданылған әдеби теориялық ұғымдарға талдау жасады.

Сабақ барысы		
С а б а қ сатылары	С а б а қ т а ғ ы жоспарланған әрекет	Ресурстар
5 минут	Психологиялық ахуал тудырып, сабақты бастау. Оқушылар орындарынан тұрады, киіз үйді құрып, осы	Аққу туралы ж а з ы л ғ а н накыл сөздер

	шаңыраққа түскен күн сәулесіндей жылы лебіздерін білдіреді, ақын жырына арқау болған тақырыптар арқылы топқа бөлінеді.	
Сабақтың ортасы 15 минут	Білу. Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтарға жауап бере отырып, ақын шығармаларын мәнерлеп оқу. «Мұқағали әлеміне саяхат». Түсіну. Слайдтар көрсетіледі. Сахналық көрініс. Н. Тілендиевтің «Аққу» күйі шығармасымен аққудың қасиеттерін салыстыру. Қолдану. Шығармашылық ізденіс бағытында «Дебат-пікірсайыс». Міндеті: «Жеңіске жеткің келе ме, ізден, ойыңды дәлелдей білуге үйрен, біліміңді ұшта». Жақтаушы топ: “Табиғат” Тақырыбы: “Аққулар ұйықтағанда” <i>поэмасы – экология тақырыбындағы поэма.</i>	А қ ы н суреті Слайдтар Техни-калық құралдар Сызба-кестелер. Флеш карталар.

7 минут	<p>Кілт сөздер: “Аққуды атуға болмайды”.</p> <p>Дәлелдеме:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көлдің сәні – аққулар. 2. Аққу киесі оңдырмайды. <p>Даттаушы топ: “Ана”</p> <p>Тақырыбы: “ А қ қ у л а р ұйықтағанда” поэмасы тақырыбы экология емес.</p> <p>Кілт сөздер: “Ана-м а х а б б а т ы м е н құдіретті”</p> <p>Дәлелдеме:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бәрі де адам үшін жаратылған. 2. Наным-сенімнен де ана махаббаты құдіретті. <p>Жинақтау. Оқушылар сұраққа жауап бере отырып, сабақты қорытындылайды, өз ойларын айтады.</p> <p>“Табиғат”</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қанатының аққудың балапандап, Ән ұшатын сымпылдап таң атарда... ..Таң мен күннің арасы таянғанда, Таудың басы алаумен боялғанда, 	<p>Тақырыптық суреттер көрініс</p> <p>Түрлі-түсті маркерлер</p> <p>О қ у л ы қ , мәтіндер</p>
------------	---	--

	<p><i>Тірілетін таудағы бар тіршілік, Қанатынан аққудың оянған ба?</i></p> <p>2. Ойнасыншы, ойнасын ерке құстар, Тыныштығын олардың қашырмалық,- Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар, Шошыса, екінші рет оралмайды.</p> <p>“Ана”</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Білмеймін, сор аттың ба, бақ аттың ба?! Аққуға кезенерде, ырым жасап, Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба? - “Қазір, ботам, аққумен ұшықтаймын... Жазыласың, құлыным... Балапаным!” - 2. Айналайын аққудың қанатынан, Қайтеміз ол да адамға бола туған. Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі! Балам өлсе, бақыттың керегі не?! 	
--	--	--

	<i>Топан су басып кетсін қалғандарын.</i>	
Сабақтың соңы 3 минут	<p>* <i>Ананың іс-әрекеті дұрыс па?</i></p> <p>* <i>Аққуға оқ атуға не итермеледі?</i></p> <p>* <i>Аққулар қандай құстар?</i></p> <p>* <i>Ана арманы орындалды ма?</i></p> <p>Үйге тапсырма: «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді жаттау.</p>	Стикер «Бесбармақ» әдісі
Қосымша ақпарат		

Дифференциация – көбірек қодау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Неғұрлым қабілетті оқушылардың алдына қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау оқушылардың материалды игеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыстар. Музыка және сурет. АКТ – мен байланыстар. Құндылықтармен байланыстар (тәрбиелік элемент)
Шығармашылық міндеттегі нәтижелерді дифференциациялау.	Бақылау, тыңдау, оқушыларға ойлануға берілген	Қоршаған ортамен байланыс. Басқалармен жұмыс

Оқушы жүргізуші бола алады.	сұрақтар: -Ақын орнында болсаңдар, поэманы қалай аяқтар едіңдер? -Өмірдегі қасиет пен қасірет туралы не білесіңдер? -Қазіргі заманда жылқышы қарт сияқты табиғат жанашырлары бар ма? -Оқушылар тақырыпты өз бетімен меңгере алды ма?	істеу, түрлі пікірлерді құрметтеу.
Қорытынды міндеттегі неғұрлым күрделі сұрақтар.		
Рефлексия <i>Сабақтың мақсаттары, оқу мақсаттары шынайы болды ма?</i> <i>Оқушылар бүгін нені үйренді?</i> <i>Сабақтағы көңіл күй қандай болды?</i> <i>Менің дифференциациялық әдісім дұрыс жұмыс істеді ме?</i> <i>Сабақтың барлық кезеңдерін берілген уақытта жүргіздім бе?</i> <i>Мен өз жоспарыма қандай өзгерістер енгізуді қалар едім?</i>		Сол жақ бағанадан өз сабағым туралы сұрақтарға жауап беремін.
Қорытынды баға Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті (сабақ беру туралы, үйрету туралы) Қандай екі нәрсе сабақты жақсартатын еді. Мен сабақ барысында сынып және жекешелеген оқушылар туралы келесі сабаққа дайындалуыма көмектесетін қандай деректерді білдім.		

Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе



Б. Р. БАТЫРОВА,
Қ.Сәтбаев атындағы
орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Таскала ауданы,
 Таскала ауылы

**ЖАҒАНДАНУДЫҢ
 ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ**

С а б а қ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	О.9.2.2.1 - публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; Ж . 9.3.6.1 - БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау.
	1. Жаһандану үрдісі туралы біледі.
	2. Жаһанданудың құрамдас бөліктері бар екенін түсінеді.
	3. Экономикалық дамуын, өмір деңгейінің жоғарлауын, техникалық

	жаңалықтардың тез енгізілуін, яғни жеке тұлға үшін де, ел үшін де жаңа экономикалық мүмкіндіктер туғызатынын біледі. Жаһандану жағдайында ұлттық тәрбиенің кеш қалып кетпеуіне мән береді.
Б а ғ а л а у критерийі	Жаһандану үрдісі туралы мағлұмат алады. Сенімді және еркін жауап беру. Оқушылар жұпта сұхбат құрастырады.
Тілдік мақсат	Оқушылар: Сабақ барысында қолданылатын сөздермен жұмыс жасайды. -Жаһандану – жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі екенін біледі . -Оқушылар топтық және жұптық жұмыстар арқылы қарым-қатынасқа түседі, диалог жасауға дағдыланады.
Құндылықтар	Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, құрмет, азаматтық жауапкершілік
Ж а ғ а н д ы қ азаматтыққа тәрбиелеу	Бейнебаяндағы байланыс туралы сөйлесу.
П ә н а р а л ы қ байланыс	География

Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (<i>төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз</i>)	Ресурстар
Басталуы (5 минут)	Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеп керекті құрал-жабдықтарын реттеу	
2 мин.	Қызығушылықты ояту: Оқушылар өздерін кемеде отырғандай елестетіп, көз алдарына не елестегені, қандай сезім болғанын әңгімелейді. (толқын, шағала дыбысы)	
3 мин.	Сабақтың тақырыбы, оқыту мақсаты, бағалау критерийлері хабарланады. Жағымды психологиялық ахуал туғызу. Оқушылармен бірге тұрып “Шаттық шеңберін” құру. Сабаққа байланысты бір-біріне ақ тілектерін жеткізу. Топтарға бөлу: - Мәдени Жаһандану; - Экономикалық Жаһандану;	

	- Ақпараттық-коммуникациялық Жаһандану.	
Ортасы 20 мин.	«Жаһандану деген не?» 1-топқа: Мәдени Жаһандану. 2-топқа: Экономикалық Жаһандану. 3-топқа: Ақпараттық-коммуникациялық Жаһандану.	
«Кезбе тілші» әдісі 10 мин.	«Ой қозғау» әдісі арқылы топқа мына сұрақтар қойылады: <i>1. Жаһандану деген не?</i> <i>2. Біздің елімізде жаһанданудың белгілері бар ма? Қандай?</i> <i>3. Жаһандану заманауи мектептердегі оқу үрдісіне әсер етеді ме? Қалай?</i> <i>4. Жаһанданудың пайдасы мен зияны дегенді қалай түсінесің?</i> 6-тапсырма. <i>Сенсация – күтпеген хабар, оқиға.</i> Ұлттық дүниетаным- жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің	

	<p>бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын ұстанымдардың, көзқарастардың мақсат- мұраттар мен сенімдердің жүйесі.</p> <p>Идеология – ілім, қоғамдық сана (гр. идса – ой, пікір, идея + логос – сөз).</p> <p>Субмәдениет – (суб – латын тілінде төменгі деген ұғымды білдіреді), яғни өнердің төменгі мәдениет үлгісі деген сөз.</p> <p>Иммунитет – ағзаңыздың кез келген ауруға төтеп бере алу қабілеті.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы - Қарамен берілген сөздердің мағынасын жаза алады.</p> <p>7-тапсырма</p> <table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 50%;">Жаһанданудың пайдасы</td> <td style="width: 50%;">Жаһанданудың зияны</td> </tr> <tr> <td style="height: 20px;"></td> <td style="height: 20px;"></td> </tr> </table>	Жаһанданудың пайдасы	Жаһанданудың зияны			
Жаһанданудың пайдасы	Жаһанданудың зияны					

	<p>Дескриптор Білім алушы - Жаһанданудың пайдасы мен зиянын анықтай алады.</p>	
<p>Аяқталуы 5 минут</p>	<p>Үй тапсырмасы: Жаһанданудың пайдасы мен зияны туралы мәлімет жинау.</p>	



А. А. ҮБӘЙТЖАН,
Аққайтым ауылы
«Жаңақоныс ЖОББМ»
КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы

АСТАНА – ӘСЕМ ҚАЛА

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	<p>6.2.6.1- ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату;</p> <p>ӘТН.6.4.3.1- диалект сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу.</p>
С а б а қ т ы ң мақсаты	<p>Оқушылар:</p> <p>*Астана қаласындағы «Бәйтерек кешенімен» сәулет өнерінің туындысы ретінде танысады; мәтінді бәйтерек туралы аңызбен салыстыра оқиды;</p> <p>*Мәтіннің тілдік ерекшеліктерін анықтайды, диалект сөздерді меңгереді.</p>
Б а ғ а л а у критерийлері	<p>- Ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің ерекшеліктерін ажыратады;</p> <p>- Диалект сөздердің қолданыс аясын түсінеді.</p> <p>Кейбірі: Сөздерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолданады.</p>

Тілдік мақсаттар	Диалект сөздер, жалпыхалықтық сөздер, ауызекі сөйлеу, көркем сөйлеу, «Астана-Бәйтерек» кешені, «Бәйтерек» аңызы.
Дифференциация	<p>Барлық оқушылар: диалект сөздерді анықтай алады;</p> <p>Бірқатар оқушылар: ауызекі және көркем сөйлеу ерекшеліктерін анықтауда қиналады.</p>
АКТ қолдану дағдылары	Сабақ барысында оқушылар интербелсенді тақтаны қолданады.
Алдыңғы білім	Астана туралы деректерді еске түсіреді. Кемшіліктерін түзейді, бағалайды.

Жоспарлана-тын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер
С а б а қ т ы ң басы	<p>Ұ й ы м д а с т ы р у кезеңі</p> <p>Психологиялық ахуал</p> <p>1. «Шаттық шеңберін» құрады. Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтады.</p> <p>Қызығушылықты ояту.</p>	

<p>М ұ ғ а л і м о қ у ш ы л а р д ы ң жаңа сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқушыларға стикерлер мен желім, түрлі түсті қағаздар беріледі. Суреттер салады. (Астана туралы). Салған суреттер бойынша топқа бөлінеді. «Бәйтерек» және «Ханшатыр».</p> <p>2.Үй тапсырмасы – «Суреттер сөйлейді» әдісі.</p> <p>Суреттер бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>3.Қызығушылықты ояту. Тілдік бағдарды болжау.</p> <p>Тыңдалым.</p> <p>Мәтінмен жұмыс.</p> <p>Оқушылар мәтінді тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, жұпта, топта талқылайды.</p> <p><i>Сұлу сүйгіш көңілімде мол ағын, Сол ағынның бір ғашығы боламын.</i></p>	<p>Түрлі-түсті қима қағаздар</p>
--	----------------------------------

<p><i>Жеті түрлі ғаламатын сипаттап, Геродотиа Астананы шоламын. «Қазақ елі», «Пирамида», «Ханшатыр», «Опералық театрдың» салты асыл. «Хазірет Сұлтан мешіті» мен «Бәйтерек», «Ақордамыз» таңғалдырар сан ғасыр. Сүйсіндіріп кермі-кербез жетегі, Ғаламаттар дәуірлерден өтеді. «Сегізінші» ғаламат боп әлемде Астананың өзі аңыз болып кетеді.</i></p> <p>Астана туралы видеоролик көрсетіледі. Тілдік бағдарды болжау. Жалпы ғимараттар, үйлер туралы «бұрын қазақ халқы қандай үйде тұрған? Оны қалай атаған?» (киіз үй, ағаш үй).</p> <p>Жеке жұмыс. Оқушылар 1-тапсырманы орындайды. Тыңдалым мәтіні бойынша.</p>	
--	--

	<p>Бағалау критерийі: <i>Диалект сөздерді ажырата алады.</i> <i>Диалект сөздердің қолданыс аясын түсінеді.</i> <i>Оқушылар бір-бірін смайлик арқылы бағалап отырады.</i></p>	Смайлик
Сабақтың ортасы	<p>Жүппен жұмыс. Оқушы жұбын өзі таңдайды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2-тапсырма 2. 3-тапсырма 3. 4-тапсырма 4. 5-тапсырма. <p>Әр жұпқа әртүрлі материалдардан («Балдырған», оқулық т.б.) тапсырмалар берілді.</p> <p>Бағалау критерийі: <i>Диалект сөздерді басқа сөздерден ажырата біледі.</i> <i>Астана туралы мәліметтерді айта алады.</i> <i>Смайлик арқылы бағалап отырады.</i></p> <p>Топпен жұмыс. Жеребе тасталады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Астана туралы өлең шығару. 2. Диалект сөздерді қолдана отырып көрініс көрсету керек. 	<p>Оқулық, оқыту әдістемесі, ғаламтор</p> <p>Смайлик</p>

	<p>Бағалау критерийі: <i>Диалект сөздерді қолдана отырып салт-дәстүрге сай ұғымдарды қолдана алады.</i> <i>Астана туралы өз еріктерімен жұмыс жасай біледі.</i> <i>Смайлик арқылы бағалап отырады.</i></p> <p>Жүппен жұмыс. Түрлі тапсырмалар берілді. сурет артында әртүрлі тапсырмалар берілген. <i>*Астана суретін салу.</i> <i>*Астана туралы өлең шығару.</i> <i>*Астана туралы шағын мәтін құрап жазу.</i> <i>*Астана туралы ребус құрастыру.</i> <i>* Астана туралы кеспе қағаздағы сұрақтарға жауап беру.</i></p> <p>Бағалау критерийі: <i>Астана туралы бар білген, көргендерін өз ойларымен ашық, еркін жеткізе алады.</i> <i>Смайлик арқылы бағалап отырады.</i></p>	<p>Смайлик</p> <p>Қима суреттер</p> <p>Смайлик</p>
Сабақтың аяғы	Қ а л ы п т а с т ы р у ш ы бағалау алынады. «Еркін микрофон» әдісі арқылы	

	оқушылардың бағалануы сұралады. Рефлексия.	Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындайды.				
	<table border="1"> <tr> <td>Қызықты болды</td> <td>Бүгін мыйаны түсіндім</td> <td>Қымн болды</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>		Қызықты болды	Бүгін мыйаны түсіндім	Қымн болды	
Қызықты болды	Бүгін мыйаны түсіндім	Қымн болды				
	Үйге тапсырма 10-тапсырма	Оқулық				








Қ.Ә. ШӘРІП,
«Жаңа Ғасыр»
№175 гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.

РАДИО ЖӘНЕ ТЕЛЕДИДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату.
С а б а қ т ы ң мақсаты	Мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату.
Б а ғ а л а у критерийлері	* мақала, аннотация, тезистердің құрылымы мен ресімделуін біледі; * мәтінге талдау жасайды.
Т і л д і к мақсаттар	Оқушылардың тілдік дағдылары «Бұқаралық ақпарат құралдары» тақырыбы аясында дамиды.
Пәнге тән лексика мен терминология:	Бұқаралық ақпараттар құралдары, баспасөз, бағдарлама, тілші, мақала, тенденция, қоғам, жастар, ақпарат, телеарна, газет, журнал, радио, т.б.

Құндылықтарды игерту	Адалдық, толеранттылық, құрмет, жауапкершілік. Құндылықтарды дарыту сабақ мазмұны арқылы жүзеге асады.
Пәнаралық байланыс	Әлеуметтану, тарих
АКТ пайдалану дағдылары	Сабақ таныстырылымын қолдану.
Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы	Денсаулық сақтау технологиясы талаптарына сай сынып оқушыларын орналастыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жоспар	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дерек-көздер
Сабақтың басы 5 минут	Оқушылармен амандасу, топтарға бөлу. Қызығушылықты ояту.  	



	 	
	<p>Суреттердің қиындылары арқылы топтарға бөлінеді және өз ойларын білдіреді. Сабақтың тақырыбы болжанып, кіріспе ой қозғалады. Сабақтың мақсаты, бағалау критерийлері таныстырылады.</p>	
Сабақтың ортасы 5 минут	<p>Оқылым алды тапсырмасы «СҰРАҚТАР ЖАУЫНЫ» әдісі</p>  <ol style="list-style-type: none"> 1. Ақпарат деген не? 2. Ақпарат құралдарына не жатады? 3. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы не білуге болады? 	Слайд

<p>5 минут</p>	<p>4. Ақпарат алатын негізгі көздерді атаңдар.</p> <p>Дескриптор: - Сұрақтарға толық әрі нақты жауап береді-1б - Өз көзқарасы бар -1б</p> <p>Оқылым тапсырмасы Оқушыларға мәтіндер таратылады. Мәтінмен мұқият танысып, топта талқылайды. Төрт топқа газет, теледидар, радио және ғаламтор жайлы мәтіндер беріледі.</p> <p>1-мәтін. Журнал – мерзімді басылым, бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі. Журнал газетпен салыстырғанда оқиғаларды кең көлемде баяндап, деректерге тереңірек талдау жасайды. Дүние жүзіндегі тұңғыш журнал Францияда 1665 ж. бесінші қаңтарда «Журнал де Саван» деген атпен жарық көрді. Қазақ тіліндегі алғашқы журнал – «Айқап» 1911–15ж. аралығында</p>	<p>таратпа</p>
-----------------------	--	-----------------------

	<p>жарық көрді. Қазақстан Республикасында демократиялық құндылықтардың берік орнығуына байланысты мемлекеттік және жеке меншік журналдар саны көбейді.</p> <p>2-мәтін. Қазіргі кезде теледидарды әр үйден табуға болады. Сондықтан өз отбасыңызбен көретін телебағдарламаларды жоспарлап қойған дұрыс. Экраны үлкен теледидарды 2-3 метрдей қашықтықта отырып көру керек. Ал сұйық кристалды теледидарлар кескін айқындылығының, сапасының жоғарылығы бойынша қазіргі теледидарлардың ең озық түрі болып саналады. Мынаны есте сақтаңдар: 14 жасқа толмаған оқушылардың күніне көретін телевизиялық хабарларының ұзақтығы 1 сағаттан аспағаны маңызды.</p>	
--	--	--

	<p>3-мәтін. Бүгінгі таңда галамтордың мүмкіндіктері аса зор. Ол қолданылуы мен маңыздылығы жөнінен басқа ақпарат құралдарын артқа тастады. Бұл ақпарат көзінен кез келген мәліметті өте оңай тауып алуға болады. Ғалымдар галамтормен тым әуестену артық салмақ жинау мен кедейлікке алып келеді дейді, алайда адамның өзіне деген сенімділігін көрсететіндігін де жасырмайды. Ғаламторды, оның материалдарын орынды пайдалана білген жөн.</p> <p>4-мәтін. Бүгінде хабарларын тәулік бойы тарататын Қазақ радиосы – еліміздің ең ірі ақпарат жүйесі. Ұлттық арна республика радио тыңдаушыларының көп бөлігін қамтып қана қоймай, одан тысқары жерлерге де, Ресей мен Қытайдың, Өзбекстан мен Қырғыз Республикасының шекаралас аймақтарына жетеді. Сондай-ақ, «Шалқар» Ұлттық арнасының</p>	слайд
--	---	-------

15 минут	<p>хабарлары еліміздің ірі қалаларына таратылады. Ал, қазіргі кезде интернеттегі http://kazradio.kz сайты арқылы әлемнің кез келген түкпірінде Қазақ радиосының хабарларын онлайн режимінде тыңдауға болады.</p>															
5 минут	<p>Оқылымнан кейінгі тапсырма ТЖ. Оқушылар топта берілген мәтіндеріне талдау жұмысын жасайды.</p> <table border="1" data-bbox="1285 677 1654 1070"> <tr> <th colspan="2" style="text-align: center;">Мәтінге талдау жасау</th> </tr> <tr> <td style="width: 50%;">тақырыбы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>түрі, жанры</td> <td></td> </tr> <tr> <td>негізгі ойы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>мақсатты аудиториясы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>құрылымы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>тілдік ерекшелігі (автордың сөз қолданысы)</td> <td></td> </tr> </table> <p>Б. Топтар бір-бірінің жұмыстарын дескриптор арқылы бағалайды. Дескриптор: * мәтіннің мазмұнын түсінеді-2б.</p>	Мәтінге талдау жасау		тақырыбы		түрі, жанры		негізгі ойы		мақсатты аудиториясы		құрылымы		тілдік ерекшелігі (автордың сөз қолданысы)		
Мәтінге талдау жасау																
тақырыбы																
түрі, жанры																
негізгі ойы																
мақсатты аудиториясы																
құрылымы																
тілдік ерекшелігі (автордың сөз қолданысы)																

<p>* мақала, аннотация, тезистердің құрылымы мен ресімделуін біледі-2б.</p> <p>* жанрлық ерекшеліктерін ажыратады-2б.</p> <p>* мәтінді талдау жасайды-2б.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Мұғалімнің сындарлы кері байланысы</p> <p>Рефлексия</p> <div style="text-align: center;">  </div>	<p>Слайд</p> <p>Слайд</p>
---	---------------------------

Қосымша ақпарат

<p>Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік ережелерін сақтау</p>
<p>Ойлану Сабақ мақсаттары/ оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	

ҰЛТТЫҚ АСПАПТАР

<p>Дағды</p>	<p>Айтылым және тыңдалым, жазылым</p>
<p>Оқыту мақсаттары</p>	<p>Т.4.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5мин.) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/ сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/ кластер құрастыру/болжау.</p> <p>Т. 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру.</p> <p>Ж.4.4.1.1 шағын сюжетті презентацияны сөйлемдермен толықтыру, жоспар жазу.</p> <p>А.4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру</p> <p>4.5.1.2 көптік/тәуелдік/септік/ жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/ жазбаша тілде қолдану;</p>
<p>Тілдік міндеттер</p>	<p>Жетіген, қобыз, сыбызғы, асатаяқ, аспап.</p>
<p>Алдыңғы білім</p>	<p>Айтыс өнері</p>

Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі	Жоспарланған оқыту іс-әрекеттері	уақыт	Қар. қат.	Оқыту ресурстары
Кіріспе	<p>Оқушылар ортаға шығып, «Шаттық шеңберін» құрады. Бір-бірімен сәлемдесіп, тілек айтады. Қима қағаздардағы ұлттық аспаптар арқылы топқа бөлінеді. (Домбыра, Жетіген, Қобыз). Мұғалім аспаптар оркестрінің орындаған бір күйін 3-2 минут тыңдатқаннан соң, «Ой шақыру» стратегиясы бойынша оқушыларға сұрақтар қою арқылы жаңа тақырыпты ашады. Оқушыларға келесі сұрақ қойылады:</p> <p><i>Бұл күйді немен орындайды? Оқушылардың ықтимал жауаптары: Аспаптар мен орындайды.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> Қандай музыкалық аспаптарды білесің? Музыкалық аспаптар үйірмесіне қатысасың ба? Саған қандай аспапта ойнаған ұнайды? <p>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы Ұлттық аспаптар. Балалар назарына 2-3 минуттық видео көрсетіледі.</p> <p>1. «Оқушыларға бірнеше жаңа сөздерге қатысты суреттер көрсетіледі. «Суретті</p>	5 мин.		Суреттер, оқулық, интер-активті тақта, қима қағаздар
		6 мин.		

	сөздік» арқылы оқушылар жаңа сөздерді меңгеріп сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады. «Мұғалім ауызша комментарий береді. «Жақсы! Тамаша! Керемет!»			
Негізгі бөлім	<p>Әр аспаптың ерекшелігін, олардан қандай үн шығатынын түсінеді. Осымен байланысты лексикалық тіркестерді меңгереді. Мұғалім оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын ояту үшін мүмкіндік болып жатса, осы аталған аспаптардың барлығын көрсетуге дайындайды немесе интер белсенді тақтадан суреттерін көрсетеді. Мынау – дауылпаз. Мынау – асатаяқ. Ал мынау – қобыз деп көрсетеді. Ал дауылпаз туралы алдыңғы сабақта өткендерін еске түсіртіп, оқушыларға келесі сұрақты қояды.</p> <p><i>Дауылпазды неден жасайды? Дауылпазды ағаштан жасайды.</i></p>	15 мин.		Суреттер оқулық

	<p>Үлгі: <i>Мынау – дауылпаз. Бұл ағаштан және теріден жасалған. Оның бауы бар, таяғы бар.</i></p> <p>Жазылым Жоспарға сүйене отырып, Алан мен Дананың іс-әрекетін ретімен орналастыр.</p> <p>1. Алан мен Дананың мұражайға баруы. 2. Ұлттық аспаптар мұражайының іші. 3. Ұлы сазгерлердің аспаптары. 4. Дананың шешімі. Дана “Жетіген үйірмесіне” баратын болып шешті. Ұлттық аспаптар мұражайы жарық әрі әдемі. Мұнда Абай, Жамбыл, Кенен, Біржан сал аталарымыздың домбыралары сақталған. Мұражайда қазақтың ұлттық аспаптары бар. Алан мен Дана</p>			
--	--	--	--	--

	<p>Қазақ ұлттық музыка аспаптар мұражайына барды.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап бере алады; • жоспар бойынша сөйлемдерді ретімен орналастыра алады. <p>Айтылым Суреттегі заттардың бас әріптерін пайдаланып, жасырынған түйін сөзді тап.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • суреттердегі заттардың атын біледі; • зат атауларының бас әрібін табады; • бас әріптерден ұлттық аспаптардың атын құрастыра алады. <p>Оқылым. Оқы. Суретпен сәйкестендір. Әсем әуен сыңғырла, Үнін, халқым, кел, тыңда. Қос ішекті шанақты, Тойдың сәні – домбыра.</p>			
--	--	--	--	--

	<p><i>Ағашқа тиек бекіген, Ишек саны жетіден. Үні нәзік жағымды, Аспап түрі – жетіген.</i></p> <p><i>Бұл аспап жайлы бар аңыз, Күй тартқан екен ұлы абыз. Қарағайдың түбінен, Жасалынған бұл – қобыз.</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • өлең жолдарын мәнерлеп оқи алады; • өлең жолдарына сәйкес суретті таба алады. 	10 мин.		
	<p>Мұғалім сабақ соңында оқушының өзін қалай бағалауын байқау мақсатында ұлттық аспап суретін таратып береді.</p> <p>* Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, аспабыңды жасыл түске боя.</p> <p>* Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірсең, аспабыңды сары түске боя.</p> <p>* Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды</p>	3 мин.		

	<p><i>о р ы н д а у қиын болып, м ұ г а л і м н і ң к ө м е г і қажет болса, а с п а б ы ң д ы қызыл түске боя.</i></p>			
Үй жұмысы: 3-тапсырма. 115-бет.		1 мин.		
<p>Бағалау критерийлері</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ұлттық аспаптардың атауларын біледі. • Жаңа сөздерді меңгереді. • Мәтіннің жоспары бойынша мәтін құрастырады. • Мәтіндегі қажетті ақпаратты тауып оқиды. 	П ә н а р а л ы қ байланыстар музыка			
Рефлексия				
Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары қол жетімді болды ма?				
Бүгін оқушылар нені үйренді?				
Оқыту ортасы қандай болды?				
Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба?				
Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?				





Ө. АЙТЖАНОВ,
 Бидайық ЖОББМ,
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәндерінің мұғалімі.
 Қарағанды облысы,
 Жаңаарқа ауданы

ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІН БІЛЕМІЗ БЕ?


О с ы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	5.ӘТНЗ – сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есімнің орнына қолдана білу; 5.1.3.1 – тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.
Тілдік мақсат	Пәнге тән лексика мен терминология: <i>сын есім, күшейтпелі шырай, салыстырмалы шырай, Қиылыста, жол шетінде, бұрышта.</i>
	Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: <i>қызыл шеңбер, ішіндегі таңбалар, тыйым салады, өтіп кетпе тып-тыныш, шеті қызыл үшбұрыш.</i>


Бағалау критерийлері	1.Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну. 2. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтау. 3. Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану.
Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары: Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.
Пәнаралық байланыстар	Өмір қауіпсіздігі
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта
Бастапқы білім	Жол ережелері, бағдаршам және жаяу жүргінші белгілерін, жол белгілері туралы ажыратады.
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1. Оқушылармен амандасып, түгелдеу. 2. Жол белгілерін таңдауына қарай топқа болу. 3. Психологиялық ахуал туғызу.	Интербелсенді тақта

	Шаттық шеңбер. 4. Сабақтың мақсатымен таныстыру. «Кинометафора» әдісі	
Сабақтың ортасы/ сабақтың негізгі бөлімі	А). Бейнебаянның басы көрсетіледі. – <i>Бейнебаян не туралы деп ойлайсыңдар?</i> Ә). Бейнебаянның ортасы көрсетіледі. – <i>Тони мен Руби не істейді деп ойлайсыңдар?</i> Б). Бейнебаянның соңы көрсетіледі. – <i>Көшеде қандай белгі тұрды, ол нені білдіреді?</i> – <i>Балалар көшеден қалай өтті?</i> – <i>Балалар, бүгін сабақтың тақырыбы не туралы деп ойлайсыңдар?</i> Дескриптор: 1. Тыңдалған бейнебаянның мазмұнын түсінеді. 1 б. 2. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады. 1 б. 3. Өз ойын жеткізе алады. 2 б. ҚБ: «Қол шапалақтау» «Жол белгілері» бейне ролик көрсетемін.	 

	Тапсырма: Көрсетілген бейнероликтен сын есімдерді теріп жазындар. «Ашық микрофон» әдісі (Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, мәтінге байланысты немесе сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді.) І. Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншіге ақпарат беру мақсатында жол бойына қойылатын арнайы белгілер. Жол белгілері 7 топқа бөлінеді: 1). ескерту белгілері; 2). басымдылық белгілері; 3). тыйым салу белгілері; 4). міндеттеу белгілері; 5). ақпараттық-көрсеткіш белгілері; 6). қызмет көрсету белгілері; 7). қосымша тақтайшалар.	
	II. <i>Қиылыста, жол шетінде, бұрышта</i>	

<p><i>Түрлі-түрлі белгілер бар тұратын. Жүресің бе, жүрмегенің дұрыс па? Не істеу керек? Соған қарап ұғасың. Қызыл шеңбер ішіндегі таңбалар Әлденеге қатаң тыйым салады. Өміріңді қорғауға олар арналар, Білемеген жан өкінішке қалады. «Мына жерге кірмегенің жөн» дейді, «Мына жермен жүрмегенің жөн» дейді. «Кері бұрыл, тоқтама не бұрылма, Сонда саған ешбір қауіп төнбейді». Белгілердің мәнін білу — мықты күш, Келесісі – шеті қызыл үшбұрыш. Бұл белгілер ескертеді, біліп ал, Көңіл бөлмей өтіп кетпе тып- тыныш. Қиылыс па, бұрылыс па алдыңда. Темір жолға таяп әлде қалдың ба? Өзен бар ма, көпір бар ма, ор бар ма?</i></p>	
---	---

<p><i>Мекені ме жабайы аң мен малдың да? Соның бәрін біліп ал да абай бол, Сенің аман жүргеніңді қалайды ол. Белгілердің сырын еске сақтап ал, Болашақта жүресің ғой талай жол.</i></p> <p>Дескриптор:</p> <p>1. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді. 1 б.</p> <p>2. Негізгі және қосымша ақпаратты таба алады. 2 б.</p> <p>3. Мәтін бойынша сұрақ құрастыра алады. 2 б.</p> <p>Қ.Б. «Басбармақ»</p> <p>Деңгейлік тапсырма</p> <p>1-деңгей. Бірінші және екінші мәтіндегі жол белгілерін сәйкестендіріп жазыңдар. 1 б.</p> <p>2-деңгей. Мәтіндерде баяндалған жол белгілерін суреттен көрсетіңдер. 2 б.</p> <p>3-деңгей. Сын есімді қатыстырып, өздерің жақсы білетін жол белгісін сипаттап, шағын мәтін жазыңдар. 3 б.</p> <p>Бағалау. Топтық бағалау. Бағалау парақшасы арқылы балл қойылады.</p>	
--	--

Сабақтың соңы	Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:	
		

Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? – «Кинометафора» әдісі – «Ашық микрофон» әдісі	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Дескриптор арқылы балл қойылады.	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Ток көздерінен сақ болу.
---	--	---

Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/ оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы		
--	--	--

<i>ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</i>	
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?	

Бағалау парақшасы

№	Топ аты Топ мүшелері	1-тапсырма «Кино-метафора» әдісі	2-тапсырма «Ашық микрофон» әдісі	3-тапсырма Деңгейлік тапсырма	Барлығы

МЕНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІБИ МАНСАБЫМ

*«Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң арқалан
Сен де бір кірпіш дүниеге*

Кетігін тап та бар қалан» – дейді қазақ халқының ұлы ойшылы Абай ағамыз. Мен – жаңа ғасырдың тәрбиешісімін. Менің алдымда болашақ Қазақстанның тірегі болатын жас бүлдіршіндер тәрбиелену үстінде. Оларды бәсекеге қабілетті, дамыған елдің азаматы етіп даярлау – сіз бен біздің қолымызда. ХХІ ғасыр – ақылды техника мен жаңа технологиялар ғасыры. Инновациялық жүйені басқаруда, әсіресе, **жастарымыз білікті де, білімді, отансүйгіш, патриоттық тәрбиеде тәрбиеленген, туған, ана тілдерін қадірлеп, қастерлеп, жоғары қоя білетін, шет тілдерін еркін меңгерген, жан-жақты тұлға** болуы тиіс. Ал, ертеңгі туған елдің ерлері, бүгінгі балдырғандарды тәрбиелеудегі менің инновациялық қаруым қандай болмақ? Асылы, жаһандану деп жар сала беруіміз негізсіз. Адами құндылықты бойға дарыту, эстетика мен этиканың, экология мен экономиканың, иман мен ибаның талаптарын әрбір баланың жан

дүниесіне сыйлау, ол отбасы мен балғындарды тәрбиелеу орталықтарына тікелей тиеселі. Соның бірі – өзім қызмет ететін мектепке дейінгі білім беру мекемесі. Жаңару үрдісінде ата-бабаларымыздың салты мен санасын, дәстүрі мен тағылымын, әні мен жырын, нақылы мен нақышын ұмыту, расында, біздерге сын. Сол үшін де менің тәрбие барысында көбірек көңіл бөлетін дүнием – ойын технологиясына негізделген ұлы ақынның өлеңдері мен әндері. Абай Құнанабаев әлемі – әдемілік пен әдептіліктің, дарқандық пен даналықтың, өрлік пен ерліктің символы сияқты. Өмір сүрудің қағидасы, жаратылыстың тылсым сыры, табиғаттың тамаша көрінісі осында жатыр емес пе!

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды

Үсті -басы ақ қырау түсі суық

Басқан жері сықырлап келіп қалды» – деген **«Қыс» өлеңінің** жолдарына үңіліңізші, бейне бір жанды да, тірі табиғат көз алдыға елестейтіні хақ. Олай болса, ұрпақтарымызды қай-қайдағы батыс европалықтардың «Санта Клаус» тәрізді кейіпкерлерімен жақындастырмай, **өзіміздің төл туындыларымызбен сусындатсақ нұр үстіне нұр болмай ма!**

Абайдай дарынды тұлға тәрбиесі – зерделі Зере әженің зерлі ертегілері мен қисса-жыр дастандарында жатқаны анық. Анығында, буыны қатпаған жас талды егушісі мықтап тұрып тамыры тереңге барғанша баптайтыны анық. Сол сияқты біздің де балғын шақтағы балбөбектерімізге нәрлі де, мәнді, мағыналы тәрбиені бойларына сіңіре беруіміз қажет. Ойнатып, ойлантуымыз және билетіп, биіктерге

қадам бастыруымыз абзал. Осы орайда ақынымыздың өлеңдері мен әндері, «*Шегіртке мен құмырсқа*» сынды *аударма* мысалдары, тіпті күйлерінің құдіреттілігі керемет тәлімнің бастамасы болатыны анық. Осыған байланысты мультфильмдер мен қысқаметражды кинолар, сергіту сәттеріне арналған санамақтар, анимациялық картиналар өзіміздің отандық өнімдер шығарылса керемет болар еді.

Мен Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейлі тойы қарсаңында балабақша тәрбиеленушілеріне арнап әртүрлі шаралар ұйымдастырып келемін. Халқымызда Шоқан мен Абайдай, Бауыржан мен Қаныштай жарық жұлдыздарымызды жаққан өзіміздің нағыз қазақы қазықтай нық тәрбиеміз бен асыл мұраларымыз, киелі қара домбырамыз екені белгілі. Сол үшін де менің кәсібім – нәсібім, мамандығым – мерейім, мансабым – мақтанышым. Инновациядан да құр алақан емеспін. Ертегіні нақышына келтіре айта алмасам, Абай лирикаларының әсемдігі мен бояуын жеткізе алмасам, әндерінің табиғатын қандай да бір жолмен сезіндіре алмасам, онда несіне осы мамандықты таңдадым? Мен өз мамандығымды сүйемін. Бөбектерді жақсы көремін. Олардың болашағына алаңдаймын. Отанын сүйетін, тілге құрмет көрсете алатын, жаңашыл, тез бейімделгіш, «туған жеріне туын тігетін» алымды да, қарымды, дарынды да, жалынды азамат тәрбиелеуге үлесімді қосамын. Өз ойымды мынадай жыр жолдарымен аяқтауды жөн көрдім.

*Тәрбие, ол – даналық қой кешегі,
Ұлылар да тарихқа көшеді.*

*Ұрпақтарға үйретпесек Абайын,
Сара жолы санамыздан өшеді.*

*Мынау ғасыр – жаңа ғасыр ғажайып,
Қыран болып қанаттарды жазайық.
Жаһандану деп жүргенде, ән-күйім,
Қалмасыншы жүректерде азайып.*

*Менің әркез биік тұғыр мансабым,
Бала үшін келмес, сірә, шаршағым.
Мен елдегі әр қазақтың баласын,
Жұлдыздарға ұқсатамын қанша мың!*



Сыныптан тыс шара

П.С. АЛИМБЕКОВА,
Мұхтар Әуезов мектеп-
гимназиясының қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Сарысу ауданы,
Жаңатас қаласы

ТУҒАН ӨЛКЕ ТҰЛҒАЛАРЫ

Мақсаты:

Туған жердің қадірі, артына із қалдырған дара тұлғалары туралы түсінік алу. Іздене отырып, ұлтжандылыққа, алдыңғы толқын ағалардың еңбегін бағалай алуға тәрбиелеу.

Жабдығы:

Дәйектеме сөздер, суреттер, видео.

1-жүргізуші:

– Қайсар елміз ер ерлігін ұмытпаған,

Ұлылар даналығын ұлықтаған.

Қазағымның даналарын, дараларын,

Жырлаудан ешқашан да жалықпаған.

2-жүргізуші:

– Армысыздар, өз елінің ұлы тұлғаларын ұлықтап, ұстаздық еңбегін үлгі тұтқан қадірменді ағайын! Талантты құрметтеу, талантқа бас ию – бүгінгі ұрпақтың басты міндеті. Ауылда туып, тәңір берген дарындылығымен, шығармашылық қабілетімен танымал болған, аз ғұмырында әдебиет пен өнер саласында өзіндік өшпес із қалдырған ағалардың еңбегін бір сәт болса да еске алып, өз өмірімізге өнеге етсек дейміз.

1-жүргізуші:

– Олай болса, мен бір сұрақ қойғым келеді. Сарысу ауданы Игілік аулында дүниеге келіп, 45 жыл ұстаз боп еңбек ете жүріп ақындық өнерімен де артына өшпес із қалдыра білген, «Сұлулық», «Нұрлы әлем», «Аққу жүрек-серігі аққу жүрек», «Уа, дүние, бармын мен!» жинақтарының авторын танысыңдар ма?

(жауап: – **Иә, Асылбек Саттаров.**)

– Дұрыс-ақ. Олай болса, Асылбек ағамыздың «Арғымақтар» өлеңін тыңдасақ дейміз.

Шұғыла:

Адуынды шу асау арғымақтар!

Ер қанаты едіңдер халқым мақтар.

Сендерсіңдер Тайбурыл, Құлагерлер,

Ердің атын шығарып даңқын сақтар.

Мерей:

Дүбірімен тас тілген тұяқтардың,

Ағыл-тегіл даламда күй ақтардың.

Шанағында ойнаған домбыраның,

Құрманғазы саусағы сияқты алтын.

Хадиша:

О, ардақты сәйгулік-тұлпарларым!

Мен де болып танымал бір тарланың.

Қайдан қиқу шығар деп елеңдеумен,

Үлесінен өлеңнің құр қалмадым.

Дания:

Кетпесе алып жыраққа тосын ағын,

Дей алмаспын шектеліп осы барым.

Жыр тұлпарын көңілде күнде баптап,

Бәйгесіне өлеңнің қосыламын.

Аружан:

*Айналайын арынды Арғымақтар,
Ер қанаты едіңдер халқым мақтар.
Құстай ұшқан сендермен жолға шықсам,
Маған бөгет болмайды жар-қыраттар.*

2-жүргізуші:

– *Өте жақсы. Мен балаларға тағы да сұрақ қойғым келеді. Өз елінің тарихынан сыр шертетін «Сарысунама» жинағының авторын білесіңдер ме?*

(Пернебай Дүйсенбин.)

– *Туған топырағымыздың біртуар перзенті, қарымды қаламгер, парасаты мол біртуар азамат туралы сөз қозғап, шығармаларын жатқа оқу – біздің парыз. Олай болса, кезекті тағы да оқушыларға берейік.*

Сүндет:

Таза бұлақ

*Сылаң қағып
Жатты ағып,
Мөлдір сулы таза бұлақ.
Таза бұлақ
Күннен нұр ап,
Бұлқынады тайша тулап.
Бір топ бұлақ,
Басын құрап,
Бұрқыратты ақ көбік.
Жеті бұлақ
Таудан құлап,
Егін оны жатты өбіп.*

Рахат:

Сырласын

*Шалқар көлім,
Зәулім тауым,
Сеніменен сырласпын.
Торғын дала,
Кең жазира,
Желіңменен сырласпын.
Жағадағы,
Балаусалы,
Құрағыңмен сырласпын.
Таудан аққан,
Сылдыр қаққан
Бұлағыңмен сырласпын.*

Асхат:

Сүйемін

*Балдырғанның сүйемін мен жыламауын, күлуін.
Өрлі өмірдің сүйемін мен саялы нұр жылуын.
Аналардың сүйемін мен, айна күміс көңілін.
Дос-құрбының сүйемін мен шаттығының төгінін.
Көгершіннің сүйемін мен көкте еркін ұшқанын,
Дос болуды сүйемін мен барлық адам – туысқаным.
Қызғалдақтың сүйемін, үзілмеуін, солмауын.
Тыңдауды тек сүйемін мен, бейбіт күннің толғауын.*

1-жүргізуші:

– *Пернебай ағамыз сегіз қырлы, бір сырлы адам ғой, шіркін! Ақын да, жазушы да, драматург те бола алады.*

2-жүргізуші:

– *Дұрыс айтасың. Ол кісінің «Дала шықтары»*

деген тамаша әңгімесі бар. Сендер оны оқыдыңдар ма? Ал біз оқыдық. Қазір Ернұр сендерге осы әңгімеден үзінді оқып береді.

(Ернұр «Дала шықтары» әңгімесінен үзінді оқиды.)

1-жүргізуші:

– Жания, біздің балалар Пернебай ағамыздың «Саусақтар айтысы» деген әңгімесінен көрініс дайындап келген. Қазір сол көріністі тамашаласақ қайтеді?

2-жүргізуші:

– Тамашалайық.

(«Саусақтар айтысы» көрінісі.)

1-жүргізуші:

– Шіркін, осы сәтте көңіл көтеретін бір ән тыңдар ма еді!

2-жүргізуші:

– Тілегің орындалсын. Асылбек Саттаровтың сөзіне жазылған сазгер Еркінбек Саданның «Сағыныш» әнін Шұғыланың орындауында тыңдайық.

1-жүргізуші:

– Тұған жерімді толқи сөз еткенде тарихын қалай қалдырамын? Тарих қойнауына көз жүгіртсек қайтеді? Балалар, сендер білесіңдер ме, Сарысу ауданының аумағында қанша тарихи-мәдени ескерткіш бар?

(жауап: 47.)

2-жүргізуші:

– Дұрыс. Ал сәулет ескерткіші қанша? Атап бер.

(жауап: 2 Шоқай датқа, Бибатыр жарма кесенесі.)

1-жүргізуші:

– Қанша монументтік ескерткіш бар?

(жауап: 2. Даңқ монументі, Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған монумент.)

2-жүргізуші:

– Ал сендер біздің Сарысу өңірінде еңбек етіп, тіпті біздің осы Әуезов мектебінде музыка пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген ақынды білесіңдер ме? Білмесеңдер айтайын, ол – Тынышбай Рахимов. Ал қазір Тұрар Тынышбай ағамыздың «Күз және мен» деген өлеңін оқып бермекші.

Тұрар:

Күз және мен

*Күміс келбет күзім менің,
Сендік маған сый, кәне?
Талдарыңнан ызың лебі
Бауларыңа сыймады.*

*Жапырақтар ұшырасың,
Дейсің бе: «Осы қолда бар»
Сыбырлайсың, қысыласың,
Ұяңдығың сол болар.*

*Жылда қайта туасың сен,
Қыркүйекте бір рет.
Қоңыр күзім, куәсің сен:
Табиғат та – құдірет.*

1-жүргізуші:

*Пай, пай, пай!
Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп төккен тер,*

Тұлпарлар дүбірлеп өткен жер.

Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,

Сарылып сал-сері кеткен жер.

Бас иіп, иіскеп топырағын,

Тағзым жасамай өтпеңдер! – деп Мұқағали ағамыз жырлағандай, туған жеріміздің біртуар тұлғаларын танып алғанымыз жақсы болды.

2-жүргізуші:

– Әлі асықпа. Біз айтпаған өзге де дара тұлғалар жетерлік. Сарысу өңірі таланттарға кенде емес. Солардың бірі Төлеу Үшқоңыров пен Әлсейіт Әлменұлы, Маралтай Райымбекұлы және Ескермес Ескендіров аталарымыз. Қазір ортаға шығатын оқушылар бізге осы ақын ағаларымыздың өлеңдерін жатқа оқиды.

(Бибі мен Расулхан, Марлен өлең оқиды.)

1-жүргізуші:

– «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз» деп Абай атамыз айтқан ғой. Алдыңғы толқын ағалардың ізін басатын ізбасарлар біздің арамыздан да шығуы мүмкін.

2-жүргізуші:

– Әрине, Жәкен Айтолқын бүгін өзі жазған «Жаңатасым – құт мекенім» деген өлеңін бізге оқып бермекші.

(Айтолқын өлеңін оқиды.)

1-жүргізуші:

– Балалар, қазір біз сендерге тапсырма бермекпіз. «Туған өлке менің көзіммен...» деген тақырыпта сурет салып көрейікші. Кімнің суретшілік қабілеті зор екен?

(Балалар сурет салады. Жаңатас туралы видео көрсетіледі.)

2-жүргізуші:

– Енді суретімізді салып болсақ, тақтаға ілейік. (тақтаға ілінген суреттер арқылы туған өлке тарихына арналған суреттер көрмесі пайда болады)

– Балалардың бәрі жақсы салуға тырысқан секілді. Сендерге көп-көп рахмет!

Ал қазір Төлеу Үшқоңыров атамыздың «Тобылғы сай» әнін тыңдасақ қайтеді?

(«Тобылғы сай» әні орындалады.)

1-жүргізуші:

– Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды. Алдыңғы толқын ағалардың еңбегі бізге қашан да үлгі.

2-жүргізуші:

– Біздің балалық жүрегімізден шыққан өнерімізді тамашалаған ұстаздарға да мың алғыс!



Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.09. 2020 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №8-9, 2020 ж., 144 бет, Алматы.